

РУХАНИЯТ

КІТАП ОҚИТЫН ЖАСТАР КӨП

Алматы кітапханалары уақытты тиімді өткізетін маңызды орынға айналған

Елімізде соңғы халық санағы бойынша 14–28 арасындағы жастар саны 3 741 083 адамды құрайды. Еуропалық даму және ынтымақтастық банкінің дерегінше, Қазақстан – әлеуметтік құрылымы бойынша ең жас елдердің бірі. Алматы – жастар қаласы. Қаламызда ең көп жоғары оқу орындары мен колледждер орналасқан. Өткен оқу жылының деректеріне сәйкес, қаламызда 255 мыңнан астам жас білім алып, 36 жоғары оқу орнында 182 мың студент оқиды. Жастардың 70%-дан астамы аймақтардан келген.

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

еңбек жасақтары маусымдық жұмысын аяқтады

Алматыда «Жасыл ел» жасақтарының еңбек маусымының жабылу салтанаты өтті. Биылғы маусымда 2100 жас уақытша жұмыспен қамтылып, қала аумағында әртүрлі экологиялық шараларға қатысты. Жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асты.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы өтуде. Осы акция аясында «Жасыл ел – 2024» еңбек жасақтары өз жұмысын абыроймен атқарды деп айта аламыз. Жоба аясында Алматы қаласының ЖОО мен колледждерінің 2100 студентін уақытша жұмыспен қамтыдық. Келесі жылы бұдан да көп жастарды жұмыспен қамтимыз деген ойдамыз. Айта кететін жәйт, Алматы жастары жыл бойы қаламызды көркейтуге бағытталған түрлі эко шараларға қатысады және жыл сайын олардың саны өсіп келеді», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек.

Еңбек жасақтары 3 ай бойы Алматының барлық ауданында тазалық жұмыстарын жүргізді. Олар көшелер мен саябақтарды тазалап, ағаштар отырғызып, табиғатты қорғау шараларына белсене араласты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар тек қала табиғатын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар жас буынның экологиялық жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Шара барысында маусымда үздік деп танылған 20 студентке Smart теледидарлар мен электр самокаттар сыйға тартылды.

Салтанатты жиын эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

15.10.2024

Түнде: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

16.10.2024

Түнде: +3+5 °C
Бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр.

Күндіз: +7+9 °C
Бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр.

17.10.2024

Түнде: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз: +7+9 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

www.aqshamnews.kz

0 745178 614887 >

САРАПТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 10-11 қазан күндері Түрікменстанға ресми сапармен барды. Сапар аясында Түрікменстан Халқ Мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен, ел президенті Сердар Бердімұхамедовпен екіжақты кездесулер өткізді. Сонымен қатар, Ашхабад төрінде Абай ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты. Қала берді, Түрікменстанның Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қойып, «Дәуірлер мен өркениеттер байланысы – бейбітшілік пен дамудың негізі» атты халықаралық форумда сөз сөйледі.

Сыртқы саясатта өзара түсіністік бар

Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға ресми сапары Халқ Мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен екіжақты кездесулерден басталды. Одан кейін бауырлас елдің президенті Сердар Бердімұхамедовпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөздер соңында екі ел арасында маңызды құжаттарға қол қойылды. Олар сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, ақпараттық және өзге де салаларды қамтиды.

Аталмыш құжаттардың ішінен Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достықты нығайту және көпжақты стратегиялық серіктестікті тереңдету туралы декларацияны ерекше атап өткен жөн. Себебі, бұған дейінгі қабылданған құжаттың мәтіні мынадай болған: Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шарт.

АСТАНА МЕН АШХАБАД

стратегиялық әріптестікті тереңдетуге мүдделі



(Дереккөз: akorda.kz).

Мемлекетаралық құжатқа 2017 жылы 18 сәуірде Астанада қол қойылған. Биылғы құжатқа «достықты нығайту және көпжақты стратегиялық серіктестікті тереңдету» ұғымдары қосылған. Яғни екі ел достықты нығайтып, стретегиялық серіктестікті көпжақты сипатта дамытуға мүдделі екенін көрсетуде.

Бейтарап Түрікменстан

Қазақстан соңғы жылдары Орталық Азия

елдерімен одақтастық байланысты нығайтып келеді. Бұған дейін Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанмен осындай құжаттарға қол қойылды. Ал Түрікменстанмен сыртқы саясат өзге формада дамуда. Қазақстан бауырлас елдің сыртқы саяси ұстанымын, ұлттық мүддесін құрметтеп, түсіністікпен қарайды. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен шағын құрамдағы келіссөз барысында былай деді: «Әлбетте, біз Түрікменстанның

халықаралық аренадағы бейтарап статусына құрметпен қараймыз. Сіздің еліңіз өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне өте елеулі үлес қосып келеді. Бұл ретте біз, ең алдымен, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясында тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз». Бұл Астананың бауырлас елдің сыртқы саясатта ұстанатын «бейтараптық» қағидасына құрметпен қарайтынын көрсетеді.

Мәдени дипломатиялық байланыс

11 қазан күні Қасым-Жомарт Тоқаев түрікмен акыны Мақтымқұлы Пырағының туғанына 300 жыл толуына орай өткен «Дәуірлер мен өркениеттер байланысы – бейбітшілік пен дамудың негізі» атты халықаралық форумға қатысып, сөз сөйледі.

Қазіргідей геосаяси текетірес пен ғаламдық мәселелер заманында мәдени дипломатияның қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Осыған орай, Президент өз сөзінде Мақтымқұлы Пырағының мұрасын насихаттау мәдени дипломатияны дамыта түсетінін айтты. Биыл шілде айында Астанада түрікменнің ұлы акыны Мақтымқұлы Пырағының ескерткіші ашылғаны бәрімізге мәлім. Ал Ашхабадта қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ескерткішінің ашылуы екі ел арасында ғана емес, түркілік елдер арасындағы мәдени дипломатияны нығайта түспек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

SANA BUSINESS FORUM

Қазақ кәсіпкерлеріне академиялық білім беретін іскерлік алаңы

Өткен жексенбіде Алматыда түрлі салада табысқа жеткен отандық кәсіпкерлер бас қосты. Кәсіпкерлер мен түрлі саланың табысты көшбасшыларын біріктірген Sana Business Forum осымен екінші мәрте өтіп отыр. Жобаның ең басты ерекшелігі деп толықтай қазақ тілінде және жоғары деңгейде өтетінін атаған жөн. Ел болашағы, қала берді қазақ тілінің тағдыры тұрғысынан да бұл шараға айрықша мән берген орынды.

Өйткені, аталған жоба кәсіпкер қазақ азаматтарының басын біріктіріп, түрлі салада табысқа жеткен көшбасшы азаматтардың өзара тәжірибе алмасатын алаңы. Енді бір қырынан қарайтын болсақ, 30 жылдан бері мемлекеттік тілді тұғырына қондыру, бизнес тіліне айналдыру дейтін жалаң ұрандардың кешеуілдеп болса да азаматтардың өз талпынысымен жүзеге асып жатқанын айғақтайтын оқиға. Міне, осы себептерден де Алматы төрінде өткен форумның барысын, отандық кәсіпкерлердің мақтануға тұрарлық жаңашыл бастамаларын басылым оқырманына жеткізуді борышымыз деп білеміз.

Стартаптардың төл тәжірибесінен құнды сабақ жоқ

Еліміз тәуелсіздіктен кейін нарықтық экономикаға бет бұрғанымен, жалпы халықтың нарыққа бой үйретіп, кәсіпкерлікке шындап ынта бұрғанына көп болмады. Тұтас ел халқының кәсіпкерлікке, іскерлік қарым-қатынастарына қарай үдере тартқан көшіне «ақылшы» да көбейді. Қазір нарықта кәсіпкерліктің, сауда-іскерліктің қыр-сырын үйреткіштер де, «тез байытып жіберетін» кеңесшілер де көп. Инфобизнесің осындай жылпостары қазыналы саланың ұңғыл-шұңғылын біле бермейтін жаңа толқынды байлықтың буымен шырмал, табыстың қиялымен арбап қалтасын қағып жатқаны да мәлім. Осындай тенденциялардан кейін ел аузында «қарыздан құтылудың сабағын қарыз алып оқыпты» деген тәмсіл де тараған.

Сол үшін де «Қазақ кәсіпкерлері жаңа деңгейге көтерілуі керек» деген ортақ ой жексенбідегі жиынның бастау сөзінде тұрды. Форумның көп мәнінің бірі де сол екені сөзсіз. Себебі, әр салада түрлі кедергілерден, қиыншылықтардан, тәжірибесіздіктің тар жолынан өтіп жүріп табысқа жеткен санаулы стартаптардың төл тәжірибесінен құнды сабақ жоқ. Сана



бизнес форумы, міне, осындай шынайы тәжірибелерді өзара алмастыру үшін ұйымдастырылған. Нәтижесінде Алматыдағы сәулетті қонақүйлердің бірі – InterContinental-дің кең залына 400-ге жуық табысты кәсіпкерлер бас қосып, қазіргі іскерлік саладағы сан-алуан тақырыпты бұтарлай талдады.

Қарым-қатынастың қолайлы кеңістігі

Форум барысында шағын, орта бизнес саласындағы, тіпті ірі бизнеске құлаш сермеп жатқан қазақ азаматтары өз іскерлік табыстарының құпиясын, табыскерлік жолдағы тәжірибелерін ортаға салды. Спикерлер жағынан көбірек сөз болған мәселелер саладағы жаңа білім, өзгеріп отыратын маркетинг, жүйелі стратегия, серіктестік және инновация. Форум спикерлерінің мәліметтерінше, қазіргі заманғы кәсіпкерліктің барлық саласы жаңа технологиялардан, PR менеджмент, маркетинг сынды қанаттарынан айырыла алмайды. Әлеуметтік желілердің дамуы кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер беруде және ел ішінде бәсекелестіктің жаһандық жаңа деңгейін жасап жатыр. Бұл үрдістерде кәсіпкер өз ісін ең ал-

дымен жеке тұлға ретінде, сосын көшбасшы ретінде өзін дамыту арқылы ғана меңгере алады дегенге саяды.

Көпшілік алдына сөз алған спикерлер қатарында жобаның негізін қалаушы, экономист Мақсат Халық, белгілі кәсіпкер, меценат Исламбек Салжанов, қазақстандық логистика және стратегиялық менеджмент нарығындағы көшбасшылардың бірі Болатбек Дәлелханұлы, Coca-Cola, Food Master компанияларының Қазақстандағы дистрибьюторы Ерлан Андапасев, Qazbilib Group компаниясының басқарма төрағасы Аятжан Ахметжан, «Мазмұндама» жобасының негізін қалаушы Шығыс Мұқан және өзге де табыскер тұлғалар болды. Спикерлер елімізде, әсіресе, қазақтілді ортада кәсіпкерлікке деген жаңа құштарлық, қызу ынтаның оянып келе жатқанын айтады. Өрі бұл үрдістерден болашақта елімізде іскерлік қарым-қатынастың жоғары деңгейдегі ортасы және қолайлы кеңістігі пайда болмақ.

Сананы сілкінткен жоба

Еркін форматтағы басқосуда спикерлер қазіргі елдегі және жаһандық қаржылық атмосфера, сауда-бизнес саласындағы жаңа трендтер, менеджерлік саласындағы ілгері тәжірибелер, жаңа инновациялық технологиялардың болашақ отандық өндіріске тигізетін ықпал-әсерлері туралы баяндады. Кәсіптің жолында шынайы тәжірибелерін бөліскендер табыстың ең басты кілті – сапалы білім екенін, әрі қарай оның менеджерлік пен дұрыс стратегия, іскерлік серіктестік, инновацияларды пайдалану сынды қырларын игеру қажеттігін түсіндірді. Траншекаралық сауда байланыстарындағы, тіпті шетелдік брендтермен бизнес және дистрибуцияның құпияларын да бөліскен кәсіпкерлер болды. Жоба авторларының пікірінше, форумның қазақ тілін негіз етуінің өзіндік мәні терең. Бұл осы саланы немесе қоғамды қазақтілді немесе өзге тілді деп бөлуден туған ой емес. Керісінше, іскерлік салада қазақ тілді жаңа бір буынның жетіліп келе жатқанын, әрі олар кездескен түрлі сын-қатерлерді, болашаққа тиесілі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді өз тілінде талқылауға бейім екенін аңғартады.

Алқалы жиынға қатысқан кәсіпкерлердің лебіздерінен олардың мемлекет пен халыққа деген терең жауапкершілік сезімдерінің де бір арнаға тоғысқанын көруге болады. Бұны олардың табыс салығын төлеуді дәріптеуі, қоғамдағы жаңа әрі игілікті бастамаларға атсалысудың маңызын жан сала түсіндірулері айғақтайды. Спикерлер өз саласындағы және өзге саладағы отандық-шетелдік тәжірибелерді бөлісіп, сол арқылы әріптестеріне шабыт берді. Кәсіпкерлік саласындағы іскер, табысты азаматтардың басқосуы, әрі түрлі тақырыптарды ортақ мақсатта, ортақ тілде талқылап жатуы елдегі ең бір жағымды тенденция. Алда бұл жоба еліміздің әр өңірінде өтуге талпыныс жасауда. Сондай-ақ, «Нархоз» университетінде қазақ тілінде жаңа MBA бағдарламасының ашылуы да форумдағы жұрт қуана қабылдаған жаңалық болды. Бұл алдағы уақытта өз кәсібін дамытуға ниетті мыңдаған қазақ азаматтарының академиялық білім алуына зор мүмкіндік болмақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



РЕФЕРЕНДУМ – 2024

ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Республикалық референдум қорытындысына үңілгенде

6 қазанда елімізде республикалық референдум өтті. Онда мынадай сұрақ болды: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?». 7 қазанда Орталық референдум комиссиясы референдумның алдын ала қорытындысын жариялады. Ал 8 қазанда соңғы нүкте қойылып, толық қорытындысы айтылды. Дауыс беру қорытындысына сәйкес референдум ресми түрде өтті деп танылды.

Көпшілік АЭС салуды қолдады

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төртінші рет республикалық референдум өткізілді. Соңғы рет 2022 жылы Конституцияға өзгеріс енгізу мәселесі бойынша референдум өткен болатын. Міне, араға екі жыл салып халық көлемді саяси үдеріске араласып, еліміз үшін маңызды мәселеде шешім қабылдады. Бұл жолы Қазақстанда атом электр станциясын салу не салмау мәселесі көтерілді.

Жалпыхалықтық референдумда Қазақстанда атом электр станциясын салуды көпшілік қолдады. Орталық референдум комиссиясы референдумда дауыс беру бойынша 7 қазанда алдын ала, ал 8 қазан күні нақты қорытындысын жариялады. Ресми мәліметке сүйенсек, еліміз бойынша дауыс беруге құқылы азаматтардың саны – 12 284 487. Дауыс беруге қатысқандардың саны – 7 820 204 немесе 63,66%. Осылайша референдум заңды түрде өткізілді деп танылды. Себебі, республикалық референдум туралы заңнамаға сәйкес дауыс беруге құқылы азаматтардың жартысынан астамы қасысса заңды өткізілді деп танылады. Республикалық референдумда атом электр станциясын салуды қолдап дауыс бергендердің саны – 5 561 937 немесе дауыс беруге қатысқандардың 71,12%. Ал қолдамағандардың саны – 2 045 271 немесе 28,88%. Осылайша референдумда қойылған мәселе бойынша

шешім қабылданды. Себебі, заңнамаға сәйкес дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы қолдаса шешім қабылданады.

Алдыңғы республикалық референдуммен салыстырғанда дауыс беру қорытындыларында біршама айырмашылық бар екенін көреміз. 2022 жылғы референдумда дауыс беруге құқылы азаматтардың саны – 11 734 642 болған. Демек, 2 жылда халық саны өскен. Дауыс беруге қатысқандардың саны – 7 985 769 немесе 68,05%. Яғни қатысу көрсеткіші биылғымен салыстырғанда көп. Бұған не себеп болуы мүмкін?

Біріншіден, 2022 жылы халықтың саяси белсенділігі жоғары болды. Содан бері бұл көрсеткіш төмендеуі мүмкін.

Екіншіден, биыл көтерілген мәселеге қарағанда конституциялық реформа халықты көбірек толғандырған секілді.

Биыл референдумда көтерілген мәселені қолдағандар 71,12% болса, 2022 жылы 77,18%-ға жеткен. Мұндай нәтижеге бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Олардың бастысы саяси белсенділіктің салыстырмалы түрде төмендеуі. Ал мәселені қолдамау бойынша биыл 28,88%, 2022 жылы 22,82% (1 490 470) болған. Биыл олардың санын референдумда көтерілген мәселе бойынша екі ойлы азаматтардың болуымен түсіндіруге болады. Электорат екі ойлы болған кезде бастаманы қолдамауға бейім келеді. Бұған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапасы әсер етпейді. Оның әсері болғанда қатысу көрсеткіші бұдан да төмен болар еді.

Аймақтар көрсеткіші

Еліміз әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша 17 облыс және 3 республикалық маңызы бар қаладан тұрады. Бес саусақ бірдей емес. Сондықтан референдум қорытындысы әртүрлі болуы заңды.

Дауыс беруге құқылы азаматтардың саны бойынша Алматы қаласы, Түркістан және Алматы облыстары көш бастап тұр. Одан кейін Астана қаласы, Қарағанды және Жамбыл облыстары, сондай-ақ Шымкент қаласы тұр. Алматы қаласында 1,2 млн-нан астам азамат дауыс беруге құқылы болды. Алайда, тек 25,2% ғана өз құқығын жүзеге асырды. Бұл біраз уақыттан бері қалыптасқан тенденция. Оған сыртқы фактор

әсер етпейді. Алматылықтар демалыс күндері табиғат аясын да серуендеуге шығады. Сондықтан саяси үдеріске араласа бермейді. Ал Астанада керісінше тенденция қалыптасқан. Астаналықтар саяси науқанға белсендірек араласады. Референдумда дауыс беруге құқылы қалалықтардың жартысынан астамы таңдау жасаған екен. Бір қызығы, дауыс бергендердің үштен екі бөлігі АЭС салуды қолдаған.

	Қатысу құқығы бар	Қатысқаны (%)	Оң шешім (%)	Теріс шешім (%)
Алматы қаласы	1 263 548	25,2	60,8	39,2
Түркістан облысы	1 183 663	70	80	20
Алматы облысы	996 881	68,5	74,4	25,6
Астана қаласы	911 498	51,1	67,8	32,2
Қарағанды облысы	764 115	71,8	70,6	29,4
Жамбыл облысы	718 244	61,1	68,4	31,6
Шымкент қаласы	663 419	70,2	76,6	23,4

Республикалық маңызы бар қала саналатын Шымкентте жағдай мүлдем өзгеше. Онда халықтың басым көпшілігі референдумға қатысқан. Дауыс бергендердің 80%-ға жуығы АЭС-ті қолдаған. Осыған ұқсас нәтижені Түркістан облысы да көрсеткен. Қарағанды, Жамбыл және өзге де облыстарда да басым көпшілік оң шешімді қолдап дауыс берген. Бұл – референдумда көтерілген мәселені көпшілік қолдайтынының айғағы.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АЭС – БОЛАШАҚТЫҢ КӘДЕЛІ ЖОБАСЫ



Суретті түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ

Елде атом электр станциясын салу бойынша жалпыхалықтық референдум оң нәтижесін берді. Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы бойынша республика халқының – 71,12%-ы қолдап, дауыс берген. Ендігі іс – аталған мега жобаны бастау. Отанымызға пайдалы шаруаның көп болғандығы құптарлық. Осыған орай, атом саласының белгілі маманы, сарапшы Бауыржан ИБРАЕВПЕН тілдестік.

Оң шешім болды

Референдум нәтижесі оң шешім көрсетті. Бұл – өте үлкен жетістік. Аталған қорытындыны дұрыс деп санаймыз. Бүгінгі таңда энергетика, электр қуаты жетіспейтіндігі айтылып жүр. Бізде компетенция көп деп жатыр. Дүние жүзінде уран байлығы бойынша 1-орындамыз. Қазақстанда 3 реактор жұмыс істейді. Кезінде 5 реактор болған. Әрқайсысы 60 жылдай жұмыс істеп тұр. Аталмыш салада



(Сурет: gov.kz)

мамандар жеткілікті. ЖОО-да арнайы мамандар даярлануда.

Енді мемлекеттің дамуы, инновациялық жобалардың жүзеге асуы, индустриалды өндірісті көтеру, ғылымның жаңаруы және т.б. сауалдар толғанады.

Біздегі атом электр станциясы шамамен, 2035 жылы аяқталады. Елде 37% жаңарту энергетика көзі болады. Сондай-ақ, көмірден – 17% электр қуаты шығады. Судан біршама мөлшер қуат бөлінеді. Сонымен бірге, атомнан – 9% энергия аламыз деген болжам бар.

Атомнан өндірілетін электр базалық генерация болып саналады. Ал күн мен желден қуат өндіру тұрақты болмайды ғой. Бізге тұрақты түрде, үздіксіз істейтін электр қуаты керек. Сондықтан АЭС-тың пайдасы зор. Ал көмірден бөлінетін улы зат, түтін ауаға тарайды. Сол себепті, көмір экология жағынан тиімсіз. Атом электр станциясы болса 24/7 үздіксіз істей алады. Радиоактивті қалдықтар бөлініп, Балқаш көлін құрғатады деген сөз шындыққа жанаспайды. Бүгінде радиоак-

тивті қалдықты отын ретінде айналдыратын жаңа технология түрі жетілген. Бұл су бір рет алынып, цикл жасап отырады. Яғни бұға айналады, одан суықтанып қатып, қайтадан су болып ериді. Осылайша циркуляция айнала береді. Бұның экологиялық қаупі жоқ.

Электр қуатын өндіріп, шет елге сату туралы да айтылып жүр. Қазір өзімізде ток көздері тапшы. Әуелі елдің ішкі сұранысын қамтамасыз етіп алайық. Бұл мәселеге келуге әлі ертерек сияқты.

Әйтсе де, АЭС 100% электр қуатын өндіруге көмектеседі. Алайда, толық ток тапшылығын шешеді деп айта алмаймыз.

Халықаралық консорциум құрылуы ықтимал

Мемлекет басшысы үлкен халықаралық консорциум туралы ой айтты. Сондықтан қайда, қандай жетістік бар, соны қолдансақ жақсы болады деп ойлаймыз. Мысалы, немістер – машина құрастыру, турбина жасауға

икемді. Қытайдың озық технологиясын алсақ болады. Бұл жағы әлі де шешіле жатар, бәрін уақыт көрсетер.

Жылына 1 ғана АЭС – 20 тонна уран тұтынады. Салыстырмалы түрде көмірден әлдеқайда пайдалы. Атом станциясының құрылысы – 5 жылда бітеді. Алайда, жобаның дайындау құжаттары біршама уақытты алады. Ал құжаттық сұрақтарына жауап бермей, салынбайды.

МАГАТЭ бұл – әр атом станциясын қадағалап отырады. Бұл қадағалаушы, бақылаушы орган. Олар өздері құрылыс салмайды. Дегенмен, аталған халықаралық ұйымның келісімі қажет. Әр ядролық материалдың пайдаланылуы, белгілі бір жаққа жылжығандығы МАГАТЭ бақылауында болады.

Қазақстан айналасындағы елдердің бірде-біреуінде АЭС салмау туралы шешім жоқ. Бәрі мұны қолдайды. Дәлірек, Ресей, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан АЭС салу жөнінде шешім қабылдады. Кейбірінде бірнешеуі істеп тұр. Іргедегі Өзбекстанның өзінде Атом электр станциясы салынып жатыр. Бұдан шығатын қорытынды – түгел баршасы атом энергетикасымен айналысуда. Біздер нақты шешімге енді келдік. Дейтұрғанмен, біздің деңгейіміз әлдеқайда жоғары.

Біздің әлеуетіміз жетеді

Қазақстанда Ұлттық Ядролық орталық, Ядролық физика институты бар. Көптеген қондырғылар пайдаға жарауда. Әрине, орыс пен қытай жетік болар, десе де ешкімнен кем емеспіз.

АЭС – электр тапшылығын шешуге септеседі. Осының арқасында көптеген жұмыс орындары ашылады. Бір электр станциясы маманының төңірегінде 10–15 көмекші адам жұмыс жасайтын болады. Жұмыс күші керек мекенге халық көшіп барады. Балабақша, мектеп ашылады. Қызметтік сервистер ашылады. Елге тиімділігі көп. Атом электр станциясы біреу емес, бірнешеу болғаны дұрыс деп білемін.

Жазып алған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



«ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАСТАУ»

ТАРИФТІҢ ӨЗГЕРУІ

электр желісі жұмысының сенімділігін, тұрақтылығын арттырады

Алматыда «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда.

Айнабай
Мәди

Қаламызда электр желілерін модернизациялау қалай жүргізілуде? Бұл жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеева мәлімдеді.

«Электрмен жабдықтау бағасындағы өзгеріс электр энергиясын өндіру мен жеткізуге орта есеппен өлшенген бағаға, әрбір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі мен желілерді теңгерімге алуға әсер етеді. Осы ретте жеткізу тарифінің өзгеруі жөндеу жұмысы көлемінің ұлғаюымен байланысты. Бұл жағдай қаламыздың электр желілері жұмысының сенімділігі мен тұрақтылығын арттырып, авариялық жағдай мен нормативтік-техникалық шығынның кемуіне әкеледі», – деп мәлімдеді департамент басшысы Әсел Бөденеева.

Бұл ретте Алматы әкімдігі халықтың әлеуметтік осал санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтің өсуін өтеуді жалғастырады. Былтырғы шілдеден бастап қала әкімінің бастамасымен 9 осал санаттағы азаматтарға өтемақы төлемі есебінен ТКШ қызметінің қымбаттауының салдарын теңестіруге бағытталған жоба іске қосылды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, бір жыл ішінде әлеуметтік осал санатқа жатқызылған 140 мыңнан астам адам 3,5 млрд теңге сомаға 0,8 АЕК мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік төлем алды. Бұл төлемдер келер жылдың 1 сәуіріне дейін жарамды болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Бүгінде қаламызда халықтың әлеуметтік осал санатына жататын 333 857 азамат тұрады. Әлеуметтік төлемді алуға аталған санаттағы азаматтарда тұрақты тіркеуі мен Алматыда тұрғылықты жерінің болуы міндетті. Бұл ретте аталған санаттағы азаматтар қала әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне өтініш беруі, сәйкестендіруге жеке куәлік ұсынуы керек. Көмектің осы түрін ресімдегендерге өтініш берудің қажеті жоқ.

ӘЛЕУМЕТ

ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН ЖАЙЛЫЛЫҚ

«Жанұя» кешені жаңартылады



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шаһарымызда «Жанұя» мамандандырылған кешені жетім балаларға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасап келеді. Ал жақын арада ол жаңа, заманауи ғимаратқа көшетін болады. «VI Group» құрылыс компаниясы бизнестің өз қаржысы үшін әлеуметтік жауапкершілік аясында ескі ғимаратты бұзып, жаңа заманауи кешен салуды жоспарлаған болатын.



Ернұр
РЫСБАЙ

– Нысан әлемдік стандарттарға сай болады. Біз балалар үшін барлық қажетті жағдайларды жасаймыз. Бұл заманауи әрі қауіпсіз кеңістік болады, онда балалар жан-жақты қолдау тауып, дамуға мүмкіндік алады. Құрылыс толықтай бюджеттен тыс қаржыландырылады, яғни құрылыс салушының қаражаты есебінен. Шамамен жобаның құны 5 миллиард теңгені құрап отыр. Біз жаңа ғимарат жетім балалардың болашағы үшін маңызды қадам болатынына сенімдіміз, оларға толыққанды өмір сүріп,

білім алуға мүмкіндік береді, – деп хабарлады Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

«Жанұя» МК 2006 жылдан бастап жұмыс істейді, ол жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйін, 4 жасан 18 жасқа дейінгі зияткерлік кемістігі бар балаларға арналған түзету мектеп-интернатын қамтиды. Жаңа ғимараттың құрылысы келесі жылы аяқталады деп күтілуде. Бұл туралы «Жанұя» МК қамқоршылық кеңесінің төрағасы Рафаэль Гасанов айта кетті.

– Біз жаңа кампустардың құрылысын 2025 жылдың тамызына дейін аяқтауды мақсат етіп отырмыз. Біздің міндетіміз – қырқүйек айында балалар жаңа ғимаратқа көшіп, ыңғайлы жағдайда жаңа өмір бастауы үшін барлық жағдайды жасау. Бүгінгі күнге дейін «Жанұя» кешенінде 420 бала тұрып, білім алды, олардың кейбірі қазіргі уақытта арнайы интернатта, ал басқалары қалалық мектептерде оқуда, – деді ол.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

«Халық қатысатын бюджет»:

ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

Қарасу өзенінің бойында серуендеу аймағы салынып, қараусыз қалған учаскелерде жаңа демалыс орындары пайда болды. Алматы қаласының Түркісіб ауданында Қарасу өзенінің арнасын абаттандыру және Таштитов көшесінде жаңа демалыс аймағының құрылысы аяқталды.

Бұрын бұл учаске қараусыз қалған болатын, енді «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының арқасында жаңа қоғамдық кеңістік құрылды. Жоба бойынша су тасқынының алдын алу мақсатында еңісті нығайту үшін габион конструкцияларын жайластыру, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін өзен арнасы бойында қоршаулар, көше жарықтандыру желілері мен ұзындығы 400 метр серуендеу аймағын орнату бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді.

Тұрғындардың бос уақытын жайлы өткізу үшін балалар мен спорт алаңдары, жаяу жүргіншілер аллеясы бойындағы орындықтар мен урналар жабдықталды, газондар автожуу қондырғысымен көгалдар суарылды. Тағы бір бос учаске Красногорская көшесіндегі Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының жанында орналасқан. Енді мұнда ұзындығы 300 метр болатын жаңа серуендеу



аймағы пайда болды, онда перголалар, орындықтар мен урналар орнатылып, көше жарығы жүргізілді. Сондай-ақ, аумақта кешенді көгалдандыру жүргізіліп, автоматты суару жүйесі орнатылды.

Құрылған нысандар «ХҚБ» аясында тұрғындар қолдаған 52 жобаның бір бөлігі болды. Биыл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен осы бағдарлама бойынша қаржыландыру 2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОР

АЛМАТЫДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕСІ

бастапқы бағалау құнынан төрт есе артық сатылған

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің баспасөз орталығы мемлекетке 177 млрд теңге көлемінде қаражат қайтарылғанын мәлімдеді.

Активтерді қайтару жөніндегі жұмыс шеңберінде арнаулы мемлекеттік қор бүгінде 177 млрд теңгеден астам ақшалай қаражатпен толықтырылған. Тізілім субъектілерімен жасалған келісімдердің нәтижелері бойынша шамамен 147 млрд теңге, процестік келісімдері бойынша 19 млрд теңге, активтерді өткізуден 6 млрд теңгеден астам, соттардың шешімдері бойынша шамамен 5 млрд теңге және жылжымайтын мүлікті жалға беруден 165 млн теңгеден астам қаражат түскен.

Өткізілген активтердің ішінде екі вилла, әкімшілік ғимарат, тұрғын үй, пәтер, жер учаскесі және екі сәнді автокөлік бар. Активтерді табысты өткізудің бір мысалы – Алматы қаласындағы жер учаскесі. Ол «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң субъектісінен 176 млн теңге бағамен қабылданып, 657 млн теңгеге, яғни бастапқы бағалау құнынан төрт есе артық сатылған.

Сонымен қатар, тізілім субъектілерімен келісімдер бойынша арнаулы мемлекеттік қорды 150 млрд теңгеден астам сомаға ақшалай қаражатпен қосымша толықтыру күтілуде. Барлық қайтарылған ақша қаражаты елдің әлеуметтік және экономикалық жобаларын іске асыру үшін пайдаланылатын болады. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СОТ ШЕШІМІ



Заңсыз құрылыс нысаны сүріледі

Алматы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы «Самғау» ықшамауданындағы Көкорай көшесі, 28/2 үй мекенжайындағы заңсыз деп танылған қойма аумақтарының сүру жұмыстары туралы хабарлады. Осылайша Алматыда 2000 шаршы метрден астам заңсыз қойма ғимараттары сүріле бастады.



Бұған дейін басқарма тарапынан «Рифтам» ЖШС-не жоспардан тыс тексеріс жүргізіліп, нысанның басым бөлігінде рұқсат құжаттарының жоқ екені анықталған.

Басқарма Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2174 шаршы метр заңсыз салынған нысанды сүруге талап-арыз берген. 2023 жылдың 8 желтоқсанында сот талапты қанағаттандырды, ал биыл 4 наурызда Алматы қалалық сотының қаулысымен шешім өзгеріссіз қалды.

Әділет департаментінің сот орындаушыларының қатысуымен сүру жұмыстары бас-талды.

Еске сала кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құрылысқа бақылауды күшейту туралы тапсырмасы аясында өткен жылдың басынан бері 48 заңсыз нысан, оның ішінде «Мечта», KHAN, «Алма Гарден» тұрғын үй кешендері мен басқа да нысандар толық, сондай-ақ жартылай бұзылды.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МОНИТОРИНГ

ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Сала мамандары жеке тұрғын үйлерге рейд жүргізді

Өткен аптада «QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы өндірістік филиалы Алматы қаласы Медеу ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлерімен бірлесіп, жылыту маусымына байланысты жеке сектордағы үйлердегі газ жабдықтарының қысқа дайындығын тексеру бойынша арнайы рейд жүргізді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



– Жылыту маусымы басталар алдында адамдардың улы газдан уланып қалуы, тұрғын үй секторында пештерді дұрыс пайдаланбау фактілері ерекше аландаушылық тудырады. Сондықтан бүгін халыққа өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіру бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Іс-шараларды өткізу барысында тұрғындармен пештерді дұрыс пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстарын өткіздік, ақаулар анықталған жағдайда иелеріне оларды жою бойынша ұсыныстар берудеміз. Өртке қарсы тақырыпта жадынамалар табыстап жатырмыз, әлеуметтік осал топтар – жалғызбасты қариялар, көпбалалы отбасылар ерекше бақылауымызда, – дейді Медеу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматты қорғау лейтенанты Алишер Гиззатов.

Айта кетейік, «QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы өндірістік филиалы қала бойынша 4800 шақырым газ құбыры мен құбыр бойындағы нысандардың қалыпты жұмыс істеуіне жауапты.

Сала мамандарының айтуынша, мұндай рейдтік іс-шаралар жылыту маусымы аяқталғанға дейін белсенді түрде жүргізіледі. Әрине, жұмыс өте ауқымды. Десек те, абоненттерге түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, жадынама тарату арқылы газ тұтынуды қауіпсіз етуге көмектеседі.

Тексеру жұмысы аяқталар сәтте мамандар тұрғындардың қауіпсіздік ережелеріне салғырт қарамауына кеңес береді.

бір ақауды байқайтын болсақ, оны арнайы мамандар сол жерде қалпына келтіріп береді. Бірінші кезекте әлеуметтік осал топ санатына жататын тұрғындардың үйлеріне көңіл бөлінген. Бұл іс-шаралар кешені тұтынушыларға газбен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін тағы бір рет еске салу үшін өткізіледі, – дейді бөлім басшысы Айбек Өмірзақұлы.

Сала мамандарынан құралған арнайы топ рейд барысында газ желілері мен аспаптардың жай-күйіне, оларға техникалық

қызмет көрсету сапасына назар аударды. Айта кеткен жөн, Медеу ауданында тұрмысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар көп. Аудан әкімдігі олардың барлығын ерекше бақылауға алған. Жылыту маусымы басталғанда олардың үйлеріндегі қауіпсіздік шаралары жіті тексеріледі.

Мәселен, рейд кезінде Потанин көшесі, 18 мекенжайында орналасқан үйдің жылыту жабдығына келетін құбырдан газ шығып тұрғанын анықтаған мамандар ақауды сол жерде жөндеп берді.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте Алматы қаласы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі департаменті басшысының орынбасары Еркебай Абдубакиев монополияға қарсы органның биылғы жұмысы мен міндеттері туралы тарқатты.



БӘСІ БИІК БӘСЕКЕ

Мегаполистің монополияға қарсы органының биылғы нәтижелері қандай?

Нұржамал
ЭЛШЕВА



Спикер департаменттің негізгі міндеттері адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру екенін атап өтті. Осы міндеттерді іске асыру үшін ведомство тауар нарықтарына талдау жүргізеді, хабарламалар мен нұсқамалар береді, сондай-ақ анықталған бұзушылық фактілері бойынша тергеулер жүргізеді.

«Биыл департамент Алматы қаласының түрлі нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне 23 талдауды аяқтады, оның ішінде тұрақ, азық-түлік ритейлі, телекоммуникация, энергетика және басқа да қызмет нарықтары бар. Талдау барысында 34 доминант және 2 монополист анықталды. Жұмыс нәтижелері бойынша 2,2 млрд теңге айыппұл салынды, оның 1,3 млрд теңгесі өндірілді», – деп атап өтті спикер.

Табысты тергеулердің мысалдарына «Petrosun» ЖШС, «ҚТЖ магистральдық желілер» ЖШС және «Алматыгаз» абоненттік есеп айырысу орталығы» ЖШС қатысты істерді жатқызуға болады, онда үстем жағдайды теріс пайдалану фактілері анықталған.

Сөз соңында Е.Абдубакиев Алматыда бәсекелестікті қорғау бойынша жұмыс жалғасып жатқанын және департамент салауатты бәсекелестік органы қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлермен және қала тұрғындарымен одан әрі өзара іс-қимылға дайын екенін атап өтті.

КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Мақсат – қала тұрғындарының өзекті мәселелерін тыңдап, тиісті деңгейде шешілуіне атсалысу, бағыт-бағдар мен кеңес беру

Қаламыздағы сауда орталықтарының бірінде жалпықалалық мобильді қоғамдық қабылдау шарасы өтті.



Айнабай
МӘДИ

Іс-шараға Amanat партиясы республикалық қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Әлия Садырбаева, Amanat партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, аудандық әкімшілік өкілдері, мәслихат депутаттары мен атқарушы орган өкілдері қатысты. Шаһарымызда мұндай кездесу тұрақты өткізіліп, азаматтар өтініш-тілегін жеткізіп жүр. Десек те, жылдар бойы қордаланып қалған, күрмеуі шешілмей келген мәселенің біразы шешімін табатын шақ осы. 2022 жылдың наурызынан бері жылжымалы қоғамдық қабылдау жүйелі жұмыс істеп келеді. Осы уақыт ішінде аталған қабылдау қажеттігін көрсетіп, тиімділігін дәлелдеуде.

«Алматы сияқты тұрғыны көп, тұрғындары көмек пен қолдауды аса қажет ететін мегаполисті жиі аралаймыз. Біз бүгін түрлі сауалмен жүгінген азаматтарды тыңдадық. Кейбіреулерін жергілікті деңгейде шешуге болады, басқалары ұлттық деңгейде араласуды қажет етеді. Нәтиже біз үшін маңызды, сондықтан көмек сұрап келген азаматтарға қолұшын беріп, жәрдем көрсетудеміз», – деп мәлімдеген Amanat партиясы республикалық қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Ә.Садырбаева мәселенің мәнісін түсіндірді.

Amanat партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуровтың айтуынша, жиі түсетін



өтініштің қатарында сот барысы, абаттандыру мен инженерлік желіге қатысты мәселе аз емес. «Біз тоқсан сайын жергілікті жерлерде қоғамдық қабылдау өткіземіз. Әлеуметті толғандырған мұндай жиындарға әдетте жиырмадан астам түрлі мемлекеттік орган өкілдері қатысады», – деді Станислав Канкуров.

Бұл жолы өз мәселелерімен бөлісуге жүзге жуық алматылық келді. Мәселен, Алатау ауданы «Өжет» ықшамауданына қарасты «Солтүстік айналма жол» тұрғын үй кешенінің тұрғыны Қарлығаш Жүнісбекова өзі тұратын аумақтағы бірнеше үйдегі ыстық судың әлі күнге шешілмегеніне қапалы. Бармаған тауы, баспаған жері қалмағанын айтады. Осында сол үйлердің арызданушылары атынан үш тұрғын келіпті. «АСИ» ПИК төрағасы Мұхаббат Жумаева да осында. «Астанадан Amanat партиясы республикалық қоғамдық қабылдау бөлімінің

басшысы келіпті. Ендігі үміт – осы қоғамдық қабылдауда», – дейді М.Жумаева.

Түркіб ауданының бір топ тұрғыны: «Жолды тікелей темір жол бойымен кесіп өтуге мәжбүрміз. Бұл әсіресе, балалар үшін қорқынышты. Біз көп жерге хабарластық. Аспалы көпір салуға уәде берген. Белгілі бір себеппен тоқтап қалды. Мәселені тиісті орындар шешуі тиіс. Біз талап етеміз. Бұл – өмірлік маңызды мәселе. Қорқынышпен өмір сүре алмаймыз ғой» дейді.

«Тұрғындар өздері тұратын аумақтағы проблемалық мәселені шешуге белсенді қатысуы қажет-ақ. Ұтымды ұсыныс, келелі кеңес пен көшпелі қоғамдық қабылдауға қатысатын майталман маманның қажеттігі осындайда. Жұртшылық өкілдерімен жүздесуге, кездесуге бұл да мол мүмкіндік. Акцияның мәнісі осында», – деп атап өтті шаһарымыздағы бас «аманатшы» С.Канкуров.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ТҮРКІЛІК БІРЕГЕЙЛІК

Түркияның тарих оқулықтарында Орталық Азия аумағы
Түркістан аймағы деп аталатын болды

Түркия ұлттық білім беру министрлігі тарих оқулықтарында «Орталық Азия» ұғымының орнына «Түркістан» ұғымын қолданатын болды. Аталмыш шешім болашақ ұрпақ бойында түркілік бірегейлікті арттыратын стратегиялық мәнге ие. Соңғы жылдары Түркі Мемлекеттері Одағы Еуразия даласында ауқымды ықпалға ие саяси ұйымға айналып келеді. Түркі Мемлекеттері ұйымына мүше елдердің халқының саны 170 миллионнан асып, жаһандық экономиканың маңызды бөлігіне иелік етеді. Мақаламызда Түркия білім беру министрлігінің шешімі аясында Түркі бірлігінің бүгінгі мен болашағын талдап көрелік.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

- Түркістан ұғымы – Орталық Азия елдері үшін тарихи әділеттіліктің қайта орнығуы.
- Түркістан ұғымының этимологиясы түркі халықтарының ортақ үйі дегенді білдіреді. Соңғы бес жылдықта Түркі елдері арасында экономика, саясат, мәдениет пен білім беру саласындағы байланыс қарқынды нығаяуда. Себебі, Түркі елдерін тек ортақ мәдениет қана емес, болашаққа деген ортақ мүдде біріктіреді.
- Түркі бірлігінің бекем болуы жолында бір ғасыр бұрын Мұстафа Шоқай негізін салған идеялар бүгінгі таңда стратегиялық бағдарда өзекті болып отыр.
- Қыркүйек айында Түркі академиясы Баку қаласында Түркі халықтарына ортақ 34 әріптен тұратын жаңа алфавитті таныстырды.

Бүгінгі таңда халықаралық саясатта Орталық Азия аймағы туралы қалыптасқан екі ұдайы танымдық түсінік бар. Америкалық зерттеушілер еңбегінде Орталық Азия деп, тек аймақтағы бес мемлекетті ғана емес, сонымен қатар Ауғанстан мен Иранның солтүстік бөлігі және Шығыс Түркістан аталып кеткен Қытайдың солтүстік батыс бөлігін қоса қолданады. Кеңес Одағы ыдырап, аймақ елдері арасындағы байланыс бірегей жолға қойылмаған тұста Орталық Азия аймағы геосаяси тұрғыда сыртқы елдер танымы негізінде ғылыми қолданысқа енген болатын. Алайда, соңғы отыз жылда Орталық Азия дегенде, нақты Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан кіретін бес мемлекет аталатын бірегей аймақ қалыптасты.

Десе де, тарихи құжаттардан аңғара-

тынымыз, аймақтың географиялық бірегейлігі бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Тіпті, Кеңес Одағы кезеңінде аймаққа қарата, Орталық емес, Орта Азия деген ұғым қолданылғанына куәміз. Кейбір тарихи құжаттарда Орта Азия және Қазақстан деп бөлек те қолданғанын жиі көреміз. Орталық Азия ұғымы бүгінде, халықаралық саясатта бірегей ерекше жүйе ретінде аталады. Тек аймақ елдерін біріктіретін ресми ұйым болмағанымен, бүгінде аймақ елдері сыртқы елдермен ортақ байланыс орнықтырудың бірегей моделіне көшті. «Орталық Азия плюс» жобасы соңғы жылдары аймақ елдерінің бірегей сыртқы саяси ұстанымының негізін қалыптастырды.

Халықаралық қатынастарда аймақ атауларын Орталық, Таяу, Қиыр деп бөле

қараудың түп тарихы ағылшын отаршылдық тарихнамасына барып тіреледі. Таяу Шығыс, Қиыр Шығыс сынды ұғымдарды атағанымыз қай жер үшін таяу, қай аймақ үшін қиыр болып тұрғандығы айқын. Еуроцентристік көзқарас аясындағы әлемнің геосаяси бөліну тарихында Орталық Азия деп аталуына жанама қатысы бар. Тарихи деректерге сәйкес, Кеңес Одағы орнамай тұрып, патшалық Ресейдің аймаққа ықпалы орныкпаған кезеңде бүгінгі Орталық Азия аймағы Түркістан деп те аталған. Сондықтан Түркияда тарих оқулықтарында аймақты «Түркістан» деп атау шешімін қабылдаудың тарихи себептері де бар.

Екіншіден, аймақта Түркі Мемлекеттері ұйымының 2021 жылғы 12 қарашадан бастап, толық саяси ұйым ретінде жұмыс жасай бастауы, ұйым елдерін географиялық сипатта ғана емес, бірегей түркілік бірегейлік аясында біріктіріп жатқандығының көрінісі. Сондықтан Түркияның тарихи оқулықтарына енгізген өзгерісі, ішкі саяси шешім ғана емес, сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымы аясында аймаққа деген Түркия стратегиясының көрінісі деуімізге негіз бар.

Аймақта геосаяси күрмеуі қиын мәселер артып жатқан шақта, Қазақстанның дәстүрлі көпвекторлы сыртқы саясатының маңызы мен мәні зор. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының түркілік бағытының құрылымданып, уақыт талабына сай қалыптасуы өте маңызды. XX ғасыр басында Алаш арысы Мағжан Жұмабаев:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің Тәңірі берген несібі ғой», – деп жырлағанындай, Түркістан ұғымы, ХХІ ғасырда геосаяси тұжырымдама ретінде түркі өркениетінің қайта шарықтауына жол ашып, түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын арттыратын болады.

РУХАНИЯТ

КІТАП ОҚИТЫН ЖАСТАР КӨП

Алматы кітапханалары уақытты тиімді өткізетін маңызды орынға айналған

(Басы 1-бетте)

Алматыда жалпы қала тұрғындарының 32%-ы – жастар

Алматы – еліміздің өзге қалаларымен салыстырғанда жастардың басым бөлігі тұратын қала. Шаһарда әрбір үшінші азамат жастар категориясына жатады. Жастар арасындағы жұмыссыздық пен қоғамда өз орнын табу бойынша соңғы жылдары мемлекет тарапынан бірнеше маңызды жобалар жүзеге асуда. Нәтижесінде NEET категориясына жататын жастардың үлесі жыл сайын төмендеуде. Алматы қаласы Орталық Азия студенттерінің астанасы деген мәртебеге ие. Мегаполис жастарының сабақтың тыс уақыттарында нендей істермен айналысатынын мақаламызда талдап көрелік...

Алматы соңғы жылдары шетелдік студенттер үшін кәсіби маман болып қалыптасуда арман қалаға айналды.

Заманауи кітапханалар желісі

Заманауи кітапханалар желісі жастардың уақытын тиімді өткізуде маңызды орынға айналған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Атырау қаласын-

да өткен III Ұлттық құрылтай кезесінде жастардың үлесі көп қалаларда олардың кәсіби дамуы, әлеуметтенуі жолында заманауи орындарының маңызына ерекше мән берген еді. Бүгінгі таңда қаламызда тәулік бойына жұмыс жасайтын үш кітапхана мен креативті хабтар жұмыс жасауда. Аталмыш орындар дәл қазір жастардың бос уақытын тиімді өткізетін, ортақ идеяларды талқылайтын маңызды алаңы.

Алматыда 28 қалалық кітапхана жұмыс істейді. Олардың 95%-ы материалдық-техникалық жаңартудан өтіп, заманауи талаптарға сай қайта құрылды. Қаламыздағы кітапхана қызметкерлері әлемнің үздік кітапханалары бар Оңтүстік Корея, Германия және Швейцария сынды елдерден арнайы тағылымдамадан өткен.

Тәулік бойына жұмыс жасайтын кітапханалар саны артқан сайын білім мен ғылымға иек артқан, тұлғалық даму сырын кітаптан іздейтін жастар үлесі артып келеді. Мысалы, өткен жылдың қыркүйек айынан бастап, бүгінге дейін қаламыздағы Жамбыл атындағы балалар кітапханасына 27 650 оқырман келсе, «Alatau Creative Hub» орталығына 28 мыңға жуық оқырман келген. Қаламызда кітапханаларға жыл сайын жиыны 3 миллионнан аса оқырман келеді екен.



(Дереккөз: telegram: Almaty_akimdigi).

ХХІ ғасырда тұтастай құндылықтар жүйесінің өзгеруі қарсаңында жастар арасында қарым-қатынас, тұлғалық қалыптасу жолы да толығып, жаңаруда. Әуел бастан қоғамдық орындардың негізгі қызметінен бөлек, жанама қызметі – идеялас азаматтардың өзара пікір алмасуына ықпал етіп, белгілі бір құндылықтар аясында жастарды біріктіру болса, бүгінде қаламыздағы тәулік бойына қызмет ететін кітапханалар желісі осының жарқын мысалы болып отыр. Себебі, күндізгі уақытта сабақтарымен, жеке жұмыстарымен жүрген азаматтар ақшам уақыты болғаннан

бастап, жергілікті кітапханаларға жиналады. Кітапханада жастар түрлі клубтар аясында кітаптарды талқылайды. Өйткені, бұл қоғамдық орындар жастар үшін әрі жайлы, әрі ыңғайлы.

Соңғы жылдары тек Қазақстанда ғана емес, тұтас әлемде кітап оқу мәдениеті өзгеріске ұшырауда. Азаматтар классикалық форматтағы кітаптардан цифрлы форматқа ауысуда. Сәйкесінше, кітапхана мәні бойынша кітап қорын сақтап, оқырмандар кітап оқитын орын емес, азаматтар бос уақытын пайдалы жұмсайтын, жұмыс хабтарына айналуға келген

жастардың, 80%-дан астамы кітап оқу үшін емес, цифрлы құралдары арқылы мәлімет алып, сандық контенттерді ұсынуға бейім.

Қоғамдық саясат институтының 2023 жылғы зерттеу мәліметтері бойынша, сауалнамаға қатысқан азаматтардың тек төрттен бірі ғана соңғы бір жылда оқыған кітабын есіне түсіре алған. Респонденттердің 52%-ы уақыттың болмауы себепті кітап оқымайтынын айтқан. Сауалнаманың республика бойынша жүргізілгенін ескерсек, бұл көрсеткіш шартты түрде Алматы қаласының жағдайына да сәйкес деп білеміз. Жастарды кітап оқуға баулу, жастар арасында білім мен тұлғалық дамуды құндылық ретінде басты орынға шығаруда тәулік бойына жұмыс жасайтын кітапханалардың ықпалы зор болып отыр.

Алматы мен Астана қалаларынан бастау алған жоба еліміздің өзге де өңірлеріне үлгі боларлығы айқын.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран»
университеті.





Н.ТІЛЕНДИЕВ – 100

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ТЕАТР

Биылғы маусымда «Алатау» дәстүрлі өнер театры Абай Құнанбайұлы мен Нұрғиса Тілендиевтің мерейтойына арналған қойылымдар сахналайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Театр жаңа маусымды «Алатау FM радиосу» музыкалық комедиясымен ашқан еді. Халықаралық сахналарда жаңа қойылымдармен өнер көрсететін болады. Еуропадағы халықаралық фестивальдер мен курстарға қатыспак.

Төл өнерімізді дәріптеп жүрген театр даңқты композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай музыкалық драма жанрында спектакль ұсынады. Оның премьерасы 2025 жылдың сәуірінде жоспарланып отыр. Бұл туралы баспасөз конференциясында театр директоры Максат Нұралиев хабарлады. Ол сондай-ақ, келесі жылы ақын, философ және халық ағартушысы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай шығармашылық ұжым «Атымды адам қойған соң» музыкалық-театрландырылған қойылымын дайындап жатқанын атап өтті.

VIII маусымның ашылуына орай театр ұжымы белгілі жас режиссер Есләм Нұртазинді арнайы шақыртқан. Оның режиссерлігімен жаңа музыкалық комедия жанрындағы «Алатау FM радиосу» спектаклі сахналанды.

Бұл қойылымның режиссері Есләм Нұртазин: «Бұл шыныммен де, театр үшін жаңа бағыт. Вокалист және саксофоншы Ермек Меденов спектакльдің музыкасын жазып, сүйемелдеу үшін әйгілі шығармаларды өңдеді. Бұл ретте музыканттар да сахнада ойнап, рөлін орындайды. Актерлік құрамның ішінде тәжірибелі артистер де, жас музыканттар да бар. Олар көрермендерді өнерімен қуантып, керемет көңіл күй сыйлайтынына сенімдімін. Комедия әрқашан көрерменнің жан-дүниесіне арналған, ал біз радиоға жоғары рейтинг үшін контент өндірушілердің қандай ерлікке баратынын көрсетеміз», – деді.

Жаңа маусымда театр артистері Мәскеудегі А.П.Чехов атындағы XVII Халықаралық театр фестивалінде өнер көрсетеді. Онда Алматы труппасы «Mamluk. Сұлтан Бейбарыс» саундрамасымен қатысады. Тағы бір қуанышты жаңалық, «QULAN» феериялық қойылымы Франциядағы Авиньон фестиваліне шақырту алды. Сонымен қатар, келесі жылы Ресейде, Еуропа елдерінде театр қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізу жоспарда бар.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

«МЕНИҢ ДРАМАМ»

Есенғали Раушановтың шығармашылығына арналған поэтикалық кеш өтті

Қаламыздағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Есенғали Раушановтың шығармашылығына арналған «Менің драмам» атты поэтикалық кеш өтті. Поэтикалық кешке зиялы қауым өкілдері, танымал тұлғалар қатысты. Айтулы ақын 2021 жылдың сәуірінде өмірден өткен еді. Өзі де, өлеңі де сұлу кісінің қазасы көпшілікті есеңгіретіп тастады. Содан да болар, аталған кешке келгендердің, Есенғали өлеңін сағынғандардың қарасы тым көп болды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Міне, осымен екінші мәрте соңында қалған қалың оқырман «Бөгелмей өтіп жаз кетті» деп жырлаған ақын Есенғали шығармашылығымен қоңыр күзде тағы да қауышып отыр. Ақын өлеңдерін жастар шабыттана оқыса, өнерпаздар ақын өлеңдеріне жазылған әндерді нәшіне келтіре шырқады. Қазақтың жүрегіндегі жазылмас жараны жырлаған «Қарабауыр қасқалдақты» жұрт көзіне жас ала отырып тыңдады.

Ақынның бірнеше өлеңіне ән жазған Есенбай Құлиев Ақтаудан арнайы келсе, көрші Қырғыз елінен де ақындар келді. Кеш барысында Есенғали ақынға арнаған жырларын оқып, естеліктерімен бөлісті.

«Есенғалиды еске алу кешіне поэзияны

түсіне білетін адамдардың келіп отырғанына қуанып тұрмын. Есенғали Алматыны жақсы көрді. Алматы да Есенғалиды жақсы көрді. Есенғалиды көп ақындармен салыстыруға болмайды. Оның жырларын алдымен ақындар мойындау керек. Өйткені, оның өлеңдерінің әрбір жолында символика жатыр. Әрбір жолын түсініп оқу керек. Осынау ғажап кісі бар жан-дүниесімен қазақ жырын дамытуға үлесін қосып кетті. Есенғали қазақтың маңдайына біткен бағы. Оны ұмытып кету, оқымау мүмкін емес, – деп тебіренді Мереке Құлкенов.

«Бір қабырғасы – ар, бір қабырғасы – ұят» деп өзі жырлағандай, Есенғали Раушанов адал, әділ азамат болды. Өмірден де сол саф күйінде өтті. «Тереземнің тұсынан сары шымшық шықылдап оятады, Бір күні сол шымшықтың үнін естімей қалам ба деп қорқамын» деп ішкі сезімін білдірген ақынның өлеңі барда халқы оны ұмытпасы анық.

СУРЕТШІЛЕР ӘЛЕМІ

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Республика күні қарсаңында Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде «Тұлғалардың ізімен» деп аталатын көрме ашты. Экспозицияда академияның «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті студенттерінің үздік дипломдық, оқу және шығармашылық жұмыстары бар.

Нұржамал
ӘЛШЕВА



Аталған өнер академиясы – өнердің түрлі салаларында мамандар даярлайтын Орталық Азия мен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Бүгінгі күні оқу ордасы республика суретшілері үшін беделді мектеп ретінде танымал. Өткенге сәл шегініс жасап кетер болсақ, Бейнелеу өнері факультетін қалыптастырудың бастауында еліміздің ұлттық көркем кескіндеме, мүсін және графика мектебінің негізін қалаған Қ.Телжанов, М.Кенбаев, Х.Наурызбаев, К.Шаяхметов, Е.Сергебаев, Д.Сүлеев, Б.Түлкіев, Д.Шоқпаров сияқты көрнекті суретшілер тұрды.

– Көрмеде 50-ден астам шығарма ұсынылып отыр. Олардың көпшілігі түлектердің дипломдық

ҚЫЛҚАЛАМНАН ТӨГІЛГЕН ӨНЕР

Қазақ ұлттық өнер академиясы студенттерінің үздік жұмыстары – көрмеде

жұмыстарынан тұрады, сонымен қатар әртүрлі курс студенттерінің оқу жұмыстары кіреді. Өнерсүйер көрерменге монументалды және станоктық графика, кескіндеме, баспа графикасы, сәндік-қолданбалы өнердің әр түрлері: gobelen, батик, ши, кескіндеме, сондай-ақ зергерлік өнер сияқты бейнелеу өнерінің түрлері ұсынылды. Осындай көрмені енді жыл сайын ұйымдастырсақ деп отырмыз. Біздің дарынды жастардың үздік жұмыстары көпшілік назарына ұсынуға тұрарлық, – дейді Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев.

Экспозицияда ежелгі қазақ мифологиясынан, халық ертегілері мен аңыздарынан, сондай-ақ дала халықтарының тарихынан алынған бейнелерге байланысты бірқатар туынды жарқырап тұр. Ә.Омарқұлдың «Бабалар сөзі», С.Мұхтарқызының «Жезтырнақ» сияқты шығармаларында суретшілер халық ауыз шығармашылығының мұрасына назар аудара отырып, өткеннің бейнелерін қазіргі заманның интерпретациясында бейнелейді. Бұл жұмыстарға қазіргі күні танымал жапон анимациясы әсер етті, ол өзінің жарқын визуалды және кинематографиялық әсерлерімен ерекшеленеді. Ал М.Жигаленоктың «Шеберхана» композициясы оқу үрдісінің бір сәтін бейнелейді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тоғжан ЕЛЕУСІЗ,
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжінің II курс студенті:

ӨМІРДІ БОЯМАСЫЗ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Мен бүгінгі көрме үшін, замандастарымның үздік жұмыстары үшін қуаныштымын. Барлық картинадан ұлттық болмысымыз мен мұңдалап тұр. Жастар қазақы құндылықтарымызды заманауи жаңаша көзқараспен, ашық бояулармен жеткізе білген. Аталарым молда болған кісілер, сондықтан да табиғатыма қазақы құндылықтар жақын. Портрет жанрында талаптанып, осы бағытта жұмыс істеп жүрмін. Кейбір жандардың жақсы адам екені жүзінен көрініп тұрады ғой, портреттерімде олардың сол жақсы қасиеттері еш боямасыз, көрермен жүрегіне бірден жол тауып, көрініп тұрса екен деймін. Әзірге ұстаздардан үйренеріміз көп. Ал жүрегі өнерге жақын сезімтал замандастарыма сәттілік тілеймін. Болашақта менің де жұмыстарым осындай көрмелерден орын тауып жатса, қуанамын. Ал қуаныш бізге әрдайым шабыт сыйлайды.



ASTANA HUB

TOMORROW
SCHOOL
Еліміздегі алғашқы
жасанды интеллект
мектебі

Мемлекет басшысының бастамасымен жасанды интеллект пен цифрландыруды дамыту аясында Astana Hub халықаралық технопаркі алғашқы жасанды интеллект мектебі – Tomorrow School-ды іске қосады.

Бұл жоба 2025 жылы мектеп оқушылары, студенттер, зерттеушілер мен кәсіпкерлердің басын қосатын Ұлттық жасанды интеллект орталығын құрудың бастамасы болмақ.

Tomorrow School – білім беру саласында әлемге танылған жаңашыл педагог Николас Садирак әзірлеген 01 Edu платформасында инновациялық реер-to-реер оқыту жүйесін пайдаланатын бірегей жасанды интеллект мектебі. Мектеп білім алушылар арасындағы тәжірибеге негізделген өзара байланысқа басымдық беріп, бағдарламалау дағдыларын нөлден бастап үйретеді. Мұндай бағдарламалар бойынша оқыған түлектердің 90%-дан астамы курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып, әдістің тиімділігін айшықтады.

Tomorrow School-дың оқыту
ерекшеліктері:

- Мұғалімдер мен дәстүрлі сабақтар жоқ – оқыту студенттердің өзара көмегі мен топтық жұмысына негізделген;
- Барлық студентте Астана қаласындағы Astana Hub технопаркі алаңында офлайн форматта тегін оқу мүмкіндігі бар;
- Мектеп тәулік бойы (24/7) жұмыс істейді, студенттер өздеріне ыңғайлы оқу кестесін құрады;
- Оқуға түсу үшін бағдарламалау бойынша алдын ала тәжірибе талап етілмейді.

Іріктеу үміткерлердің логикалық ойлауын тексеретін 2 онлайн ойыннан және «бассейн» деп аталатын оқытудың кіріспе кезеңіне тікелей қатысуды көздейтін бөлімнен тұрады. Бірінші «бассейн» 21 қазан – 17 қараша аралығында өтеді, мұнда қатысушылар бағдарламалау әлеміне тереңірек бойлап, оқуды жалғастыру үшін өз мүмкіндіктерін бағалайды.

«Бассейннен» өткеннен кейін қатысушылар 18 айлық негізгі оқытуға көшеді. Бұл кезеңде олар 50-ден астам жобаны жүзеге асырып, Golang, Rust, JavaScript, Python және басқа да 20-дан астам бағдарламалау тілін меңгереді. Ақтық мәреде студенттер мына мамандықтардың бірін таңдауға мүмкіндік алады: ЖИ-инженері, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуші, фулстек-әзірлеуші, мобильді қосымшалар әзірлеушісі, DevOps инженері, IT жүйелерінің сәулетшісі, киберқауіпсіздік маманы және бейнеойындар әзірлеушісі. Ал «бассейн» барысында үздік нәтиже көрсеткен өзге қаладан келген қатысушыларда негізгі оқу уақытында тұрғын үймен қамтылу мүмкіндігі бар.

Tomorrow School-да оқу үшін 2024 жылдың 17 қазанына дейін tomorrow-school.ai платформасында тіркеуден өту қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: astanahub.com).

ЖОЛДАУ – 2024

Қазақ елі дамыған державалар санатына енуге беттеп барады. Жаһандық текетіреске қарамай, өзінің айқын жолын ұстанады. Саяси, экономикалық басым бағыттарға назар аударып келеді. Басты бағдар – әлеуметтік тұрмыс сапасын жақсарту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында дамудың нақты тетіктері айқындалды. Халықтың тұрмысын түзеу, экономиканы әртараптандыру бағытында бірқатар нақты тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, қордаланған түйткілдерге қозғау салынды. Осы және өзге де сауалдар бойынша қаржы сарапшысы, «Құрмет» орденінің иегері Сапарбай ЖОБАЕВТЫ әңгімеге тартқан едік.

– Жолдаудың басым бағыттары қандай?

– Бізге Жолдаудың берері мол. Толықтай экономикаға негізделген Жолдау 2023 жылы болған еді. Ал биыл әлеуметтік мақсаттар айтылды. Сондай-ақ, мемлекеттік басқару, білім саласы, денсаулық сақтау және экономика дамуы т.б. бағыттар қозғалды.

Инвестиция бойынша жақсы дәрежедеміз. Қазақстанның инвестициялық мүмкіндігі әлем бойынша 38-орында. Бұл инвестициялық тартымдылық әжептәуір екендігін білдіреді. Сонымен қатар, бәсекелестіктен – 50-орындамыз, дамыған мемлекеттер арасында – 65-66 қатардамыз. Көбіне-көп инвестициялар шикізат саламызға қарай келеді. Ал өңдеуші салаға Ресей мен Қытай мүдделі. Мұның да көлемдері жақсы. Қазір қалай да өңдеуші саланы дамыту қажет боп тұр.

– Сырттан қаражат ала берудің пайдасы бар ма?

– Шет мемлекеттерден қаражат алудың өзінің түр-түрі бар ғой. Дамыған мемлекеттердің қарызы ЖІӨ жақын. Америка Құрама Штаттарының қарызы – 30–40% деңгейіне дейін өсіп кетті. Жалпы, дүниежүзілік экономикалық тенденция бойынша қарызды қайтара алатын елге ғана береді. Мәселен, Ауғанстан, Сомали, Йемендердің қарызы жоқ десе де болады. Оларға ешкім қарыз бермейді.

Қарыздың екі түрі болады. Қазақстанның жалпы сыртқы қарызы 165 миллиард долларды құрайды. Алайда, оның басым көпшілігі кәсіпорындарға, бізде істейтін шетелдік компанияларға тиесілі. Оған мемлекет кепілдік бермеген. Ал Қазақстанның таза мемлекеттік қарызы бар болғаны 14 миллиард доллардан аспайды. Қазақтың Ұлттық Қоры 60 миллиард доллар деседі. Сонымен бірге, Ұлттық Банктің ауқымды қоры 40 миллиард долларды құрайды. Сондықтан алаңдауға негіз жоқ. Сыртқы қарыздан соншалықты қорқудың қажеті шамалы. Дегенмен, қарызсыз қоғам болып, өз бюджетімізді еселей берген дұрыс. Қанша дегенмен, мол табыс ешқашан артықтық етпейді. Мүмкін болса ешкімге қарыз болмасек екен. Қайта біз өзгелерге инвестор болып, қаражатты өзгелерге бере алатын деңгейге жетейік.



«Біз дамудың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртараптандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни былтырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚР Президенті.

ДАМУДЫҢ
ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ
АЙҚЫНДАЛДЫ

– Банк секторына реформа керек пе?

– Көпшіліктің айтатыны – төмен пайызбен несие беру. Бірақ бұл үлкен мәселе. Еуропада 4%-бен кредит бере алады. Өйткені, ЕО ішінде инфляция төменірек, бар болғаны 2-3%. Ал бізде 2022 жылы инфляция – 23%, өткен 2023 жылы – 12%, биыл 8-9% болып қалар. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 14,25%. Бұны біз базалық ставка деп атаймыз. Ұлттық Банк коммерциялық банктерге қарыз бергенде базалық ставканы ескеріп береді. Қазақстандағы комерциялық банктер саны – 24. Осының 2-еуі ғана мемлекеттік болып саналады. Оған біздің сөзіміз өтеді. Нақтырақ, «Отбасы банк» және «Қазақстан Даму банкi» мемлекеттік қаржы ұйымы есептеледі. Бұлар 7–11% көлемінде кредит, ипотека бере алады. Ал екінші деңгейлі банктер 25% несиеге 5-6% маржасын қосады. Бас-аяғы 17–25% аралығында несие қарастырылған.

Қазақстан Еуразиялық Экономикалық Одақта. Жақында Ресей қайта қаржыландыруды – 19%-ға көтерді. Біз олармен ақша-несие саясатында қатар жүруіміз қажет. Әйтпесе, 2015 жылдағыдай қиын ахуал болуы ықтимал.

Банктердің – 80%-ы халықтан жиналған ақша. Біздегі қаржы ұйымдары депозитке – 15% беріп, одан төмен несие тарата алмайды. Егер клиент 1 миллион теңге депозитке салса, банк оны өзге кәсіпкерге несие ретінде ұсынады. Соның арқасында үстіндегі депозитін береді. Жалпы, банктердің потенциалдық мүмкіндіктері болады.

Бүгінде біздің банктер олиграттар тобының жеке мүдделеріне жұмыс істейтін болды. Қайсысының, кім үшін жұмыс істеп отырғандығын білеміз. Өзіне жақын кәсіпорындарға аз пайызбен береді, басқасына қымбат мөлшерлеме қояды. Бұл әділетсіздік. Микроқаржы ұйымдарының халық алдындағы жауапкершілігін көтеру жайындағы заңға өзгеріс енгізу ұсынысы дұрыс деп ойлаймыз.

– Несие төлемін сәл кешіктіргендерді қысу, есеп-шотын бұғаттау қашан тоқтайды?

– Кредит төлей алмай, біраз кешіктіргендерді коллекторлық ұйымдарға беру және т.б. кедергілер биылдан бастап тоқтатылды ғой. Оған дейін несие берілгендердің тағдыры сәл басқашалау еді. 2024 жылдың 1 маусымынан бастап алынған кредитке жаңа заң жұмыс істейді. Ал бұған дейін алынған проблемалық несиелер бойынша коллекторлар қайтару жұмыстарын жалғастырады. Бүгінде банктер өз мәселесін өзі шешеді. Ешқандай коллекторлық ұйымдарға жүгіне алмайды. Ал онлайн берілген қарыз өтелмей 90 күннен асса, екінші деңгейлі банктер өз күштерімен мәселені шешуге тура келеді. Яғни жауапкершілік қарыз берген қаржы ұйымның өзінде болады.

– Бізде «Банкроттық туралы» заң іс жүзінде жүзеге аса ма?

– Қазір бұл заң бар. Мұны 2 жыл талқыладық. Әлеуметтік, түрлі жағынан толықтай қарап болдық. «Банкроттық туралы» заң негізінде 110 мың адам өтінімі берген. Бар болғаны 16 мың адамның өтініші қаралған. Бұл өте бір күрделі мәселе. Бұның мақсаты – банкроттық жарияланған адамның жауапкершілігін арттыру. Бұндай тәжірибе әлемде қолданылып келеді. Сонымен қоса, сот шешімімен немесе банкрот деп табылған шешім шыққан жағдайда жауапкершіліктің бір ұшы банктің өзінде болады. «Банкроттық туралы» заң жұмыс істеп жатыр. Бірақ әлі де атқарар шаруасы көбірек.

– Декларацияны жаппай тапсырғанша, дәулетіне байланысты тапсырған дұрыс па?

– Біздің бюджеттен ақша алатындар, байлар, олиграттар 3-4 жылдан бері жаппай декларация тапсырып жатыр. Бұл жағынан проблема жоқ. Мәселен, сіздің жеке айлағыңыз болса, оны жариялап қажет еместі. Егер Өзбекстанда ата-анаңыздан үй қалса декларацияда көрсетесіз. Ал оны жалпы жұртқа жариялап қажет емес. Кімнің банкте қанша ақшасы, дүние-мүлкі бар екендігін жарылап та керекі жоқ.

Егер мемлекет қызметінде істейді екен деп қай жерде үйі, қай орында ақшасы барын айтып қойсаңыз, онда қылмыс көбейіп кетпей ме?!

Бізде Forbes тізімінде 50 бай адамның есімі, қаражат мөлшері тұр ғой. Әркім керек болса, соны ашып, тарихын көре алады ғой. Сондықтан демократиялы ашықтық бізде де бар. Қазір Forbes журналы соны 100 бай адам тізіміне жеткізбекші. Құқық қорғау органдары, ХҚКО ақпаратында бәрі тұр. Егер тек жалақыға жұмыс істеп, баспанасы ғана болса, ол келешекте декларация тапсырмауы да мүмкін. Себебі, деректер жеткілікті. Әгер бір жерден миллиард ақша түссе, қомақты дүние-мүлкі алсаңыз, жариялау керек.

Біздің мүмкіндігіміз жоғары. Қолдан біраз игі іс келеді. Ең бастысы, бірлесіп жұмыс істесек, талай биікті бағындырамыз.

– Рахмет!

Әңгімелескен

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

Бас және мойын қатерлі ісіктеріне көмей, синус, жоғарғы және төменгі жақ, ауыз қуысы, жұтқыншақ және сілекей бездері сияқты аймақтардағы қатерлі ісіктер жатады. Бұл туралы Алматы онкологиялық орталығының онкологы Гүлбану НАҚЫСБЕК тарқатып айтып береді.

ДЕНЕДЕГІ
ЖАРАҒА ДА МӘН
БЕРУ КЕРЕК

Дәрігердің айтуынша, аурудың түрлері көмей ісігінен сілекей безінің ісіктеріне дейін өзгеріп отырады. Алғашқы белгілері мойын аймағындағы ауырсыну немесе ісіну, дауыстың өзгеруі, жұтынудың қиындауы, тамақтың немесе құлақтың тұрақты ауыруы, ауыз қуысындағы жазылмайтын жаралар немесе шырышты қабаттардағы ақ дақтар, сондай-ақ мойын лимфа түйіндерінің ұлғаюы болуы мүмкін. Егер сізде осы белгілер білінсе, дереу дәрігердің алдынан табылғаныңыз дұрыс.

Ал қауіп факторлары – темекі шегу, алкогольді өнімдерді пайдалану, сондай-ақ АПВ (адам папилломавирусы), Эпштейн-Барр вирусы. Емделмейтін жаралар немесе дауыстың өзгеруі сияқты кез келген ерекше өзгерістерге назар аудару да маңызды.

– Бас және мойын қатерлі ісігі неғұрлым ерте сатысында анықталса, ем-дом нәтижелі болады. Тұрақты тексерулер және алғашқы белгілерде дәрігерге уақытылы бару әсіресе, қауіпті топқа жататындар үшін өте маңызды. Тағы да қайталап айтамыз, ерте анықталған ауруды емдеу оңайырақ, – деді дәрігер.

КЕРЕК КЕҢЕС

ІШ ҚАТУ

Оның себебі неде және ем-домы қандай?

Іштің қатуы көпшілігімізде, әсіресе, жас балалар мен қарияларда жиі кездеседі. Іш қату – нәжістің 48 сағаттан артық уақыт сыртқа қарай шықпай қалуы. Мамандардың пікірінше, іштің қатуы көбіне күйзеліс кезінде, саяхаттап, жол үстінде жүргенде және операциядан кейінгі кезеңде байқалады.

Мұндай іш қату әдеттегі өмір салтына оралғанда бұрынғы қалыпқа келеді және ауру болып саналмайды. Егер олар қайталанса, онда дәрігерге қаралған абзал. Қимыл-қозғалысы тым аз жандардың іші жиі қатуы мүмкін. Асқазан-ішек жолдарының аурулары (ойық жара, созылмалы панкреатит, дисбиоз, тітіркенген ішек синдромы, тоқ ішек ісігі); ішекте қатайған нәжістің жиналуы («нәжіс тастары»); тік ішек аурулары (тік ішек жарықтары, геморрой, парапроктит); неврологиялық аурулар (инсульт, Паркинсон ауруы, жұлпынның зақымдануы мен ісіктері, склероз); эндокриндік жүйенің аурулары (гипотиреоз, қант диабеті және басқалар) да іштің қатуына себепкер болуы ықтимал. Кейбір атропин, сода, алмагел сынды препараттар да іш қатуына себепкер болуы мүмкін. Сондай-ақ, іш қату әйелдерде жүктілік кезінде жиі кездеседі.

Іш қату кезінде тәбет төмендейді, кекірік, ауызда жағымсыз сезім пайда болады. Дененің бұлшық еттерінде ауырсыну мен бас ауыруы жиі кездеседі. Көңіл күй де, ұйқы да бұзылады. Сондай-ақ, іш қату терінің өзгеруімен бірге жүруі мүмкін, яғни тері

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ҮЙЛЕСІМДІ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

Алматыда алғаш рет митралды клапанды
эндоваскулярлық клиптеу бойынша операция жасалды

Алматы қаласында алғаш рет, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында MitraClip жүйесінің көмегімен митралды клапанды эндоваскулярлық клиптеу бойынша миниинвазивті рентгеноперация жасалды. Операция Цюрихтен келген (Швейцария) профессор Maurizio Taramasso басшылығымен және Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығының (Астана) интервенциялық кардиологы, м.ғ.д. Марат АРИПОВПЕН бірлесіп жүргізілді.



72 жастағы пациент ұзақ жылдар бойы 200/100 мм сын.бағ. дейін жоғары қан қысымынан, митралдык жетіспеушіліктен, жүрекше фибрилляциясынан зардап шеккен. Екі жыл бұрын миокард инфарктына шалдыққан. Демікпенің өршуі, жүрек соғуының жиілеуі, құлақтың шуы, жалпы әлсіздік, тез шаршау сияқты ауру белгілерімен жағдайы нашарлаған.

Институтқа емдеуге жатқызу кезінде консилиум өткізіліп, жүрек ырғағының бұзылуын бақылау және митралды клапанды клиптеу жолымен түзету мақсатында өкпе

тамырларының радиожилік абляциясын жасау ұсынылды.

Митралдык жеткіліксіздікті емдеудің негізгі әдісі – пластика немесе екі жақты клапанды толық ауыстыру операциясы. Алайда, пациенттің ауруының асқинуы, қосымша патологиялық жағдайына байланысты ауыр жағдайы операцияның қаупін арттырды. MitraClip – бұл митралды клапанды қалпына келтірудің аз инвазивті техникасы. Бұл инновациялық құрылғы митралды клапанды клиптеу арқылы қанның регургитациясын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл – ашық хирургиялық операцияларды көтере алмайтын пациенттер үшін жүрек жұмысын жақсартудың жалғыз мүмкіндігі. Операция наркозбен жасалады. Интервенциялық хирургтер сан тамырлары арқылы катетердің көмегімен рентгенологиялық және УДЗ бақылауымен митралды клапан аумағына жетеді. Құрылғы клапанға бекітіледі, осылайша оларды қысады, қан ағыны қалыпқа келеді.

«Біз жаңа технологияларды енгізе отырып, заманауи медициналық үрдістер мен стандарттарды ұстануға тырысамыз. Біздің дәрігерлер, яғни рентгеноперблогының және функционалдык, ультрадыбыстық



диагностика бөлімшесінің меңгерушілері Брюссель қаласындағы (Бельгия) Abotte компаниясының тренингтік орталығында тағылымдамадан өтіп келді. Біздің клиника мен ҰҒКО-ның интервенциялық кардиология тәжірибесі бізге өте маңызды, себебі операцияның сәтті өтуі дәрігерлер командасының үйлесімді жұмысына байланысты», – дейді институттың Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Функционалдык және ультрадыбыстық диагностика бөлімшесінің меңгерушісі Ақжан Қонысбекованың айтуынша, бұл процедураның ерекшелігі – операция жүректің эхокардиографиясының толық бақылауымен жасалады. Емханада заманауи 3-D эхокардиографиясы бар ультрадыбыстық аппарат болғандықтан, клип орнатудың нақты орны анықталып, интраоперациялық бақылау жүргізіледі.

Тақырыпқа орай айта кетсек, MitraClip құрылғысы 2020 жылы үздік медициналық технология үшін Prix Galien USA сыйлығына (Нобель сыйлығына тең) ие болған.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

БАРЛЫҚ ПӘЛЕ –
ҚОЛДАН

Барлық пәле – қолдан. Иә, жұқпалы аурулардың 80%-ы қол арқылы беріледі екен. Демек, зиянды бактериялардың ошағы – кәдімгі қолымыз. Сондықтан қол жуу гигиенасын сақтау маңызды. Тіпті, саусақтардың арасын салалап тұрып жуу да мың бір пәледен сақтайды.

Біз бетімізді, көзімізді сағатына орта есеппен бес-алты рет ұстайтындықтан, қолды үнемі жуып жүрудің маңыздылығын түсінеміз. Дегенмен, шамадан тыс жуу немесе дұрыс жумай да қиындықтар тудыруы мүмкін. Тым ыстық су немесе кейбір сабындар терінің табиғи қорғаныс қабатын зақымдауы ықтимал. Айтпақшы, ылғал қол құрғақ қолға қарағанда мың есе көп бактерия тасымалдауы мүмкін. Сондықтан қолды дұрыс сүртіп, кептіру де маңызды.

Күнделікті өмірде қоғамдық көлікке мінгенде немесе жеке көліктегі есік тұткаларын ұстау кезінде, бактерияны велосипедпен немесе жаяу жүргенге қарағанда жұқтыру қаупі алты есе жоғары. Қолды жуар алдында зергерлік бұйымдарды алып тастаған дұрыс, өйткені микроорганизмдер олардың астына да жиналады. Сондай-ақ, телефондар, компьютер пернетақталары мен «тышқандары» бактериялардың көбірек шоғырланатын орындары. Біздің қолымыз жиі тиетін барлық затты жүйелі түрде дезинфекциялап тұру да өте маңызды.

Бүгінде қарапайым қол жуу әдісіне инновациялық көзқараспен қарайтын елдер де бар. Мәселен, француз ғалымы Жак Робай «ақылды дәретхана кабинасы» жасап шығарды. Өлгі әдетханаға кіріп келе жатқан адамға есік ашылмастан бұрын кем дегенде он секунд бұрын қолын жууды ескертеді екен.

Қалай десек те, қолымызды таза ұстау – ол да денсаулық кепілі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА



тамақтың нәр-қуатына, құрамына, сондай-ақ ауа райына байланысты болады.

Іш қатпас үшін адам үнемі қимыл-қозғалыста болғаны жөн дейді мамандар. Мәселен, жаяу жүру, жүгіру, жүзу, шаңғы тебу, би және басқа да физикалық жаттығулармен айналысу аса пайдалы. Физикалық белсенділік ішек моторикасын жақсартады, ал бұл өз кезегінде нәжістің тік ішектен шығуын жеңілдетеді.

Қалай десек те, сізді іштің қатуы жиі мазалайтын болса, дәрігерге көрінген абзал.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жеңіс БАЙМУХАМБЕТОВ,
медицина ғылымының докторы, профессор:

ҚОЮ ЫСТЫҚ ШАЙДАН БАС ТАРТЫҢЫЗ

Іші қатқан адамдар күнделікті жаңа піскен қырыққабат, асқабақ, сәбіз, қызылша жегені дұрыс. Күнде таңертең бір стакан суық суға бір ас қасық бал немесе шай қасық крахмал қосып ішкен де пайдалы. Іште ауыру сезімі ұлғайған кезде 5 мл суға бір таблетка баралгин немесе анальгин қосып ішу, бір апта бойы күніне бір рет микроклизма жасау керек. Теңіз қырыққабатының құрғақ ұнтағын бір шай қасықпен үш мезгіл ішкен де пайдалы. Асқазанның сөлі көп болса, картоптың шырынын жарты стаканнан, ал асқазан сөлі азайған болса, қырыққабат ерітіндісін жарты стаканнан үш апта бойы тамақтың алдында ішу керек.

Іш қатқанға сонымен қатар, ірі тартылған бидай немесе арпадан жасалған қаранан, еттің сорпасына пісірілген көкөністер, көкөністердің сорпасы, жемістер, құстан және балықтан дайындалған тағамдар жақсы көмектеседі. Күніне бір жұмыртқа жеп, сүт, айран, қаймақ, сүзбе секілді сүт тағамдарын, түрлі жемістер мен көкөністердің шырындарын ішкен де пайдалы. Ал қою ыстық шайды, газы бар сусындарды, күріштен жасалған қою тағамдарды ішіп-жеуге болмайды. Темекі мен арақты тыйған жөн. Өйткені, олар ауруды қоздыра түседі. Тамақты аз-аздан белгілі бір уақытта гана ішкен дұрыс. Іштің кебуін азайту үшін күнде таңертең бір стакан салқын су немесе жемістің шырынын, кешке бір стакан айранға бір ас қасық өсімдік майын қосып ішу қажет. Дегенмен, бұлардың бәрін де дәрігердің нұсқауымен қолданған дұрыс.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

• ТЕННИС

ҚР Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, мегаполисте теннистен ерлер арасындағы ATP 250 Almaty Open турнирінің ойындары басталды. Бәсекеге Фрэнсис Тиафо, Себастьян Корда мен Александр Бублик сияқты танымал теннисшілер қатысады.

Іріктеу матчтары: 13-14 қазан күндері ұйымдастырылды.

Негізгі турнир: 14-17 қазан аралығында, жартылай финал: 18-19 қазанда, финалдық ойын: 20 қазанда өткізіледі.

Турнирдің ресми ашылу салтанаты: 2024 жылғы 15 қазанда, сағат 18.00-де Димаш Құдайбергennің қатысуымен өтпек.

Өтетін орны: Almaty Arena.

Уақыты: Күн сайын 10.00-ден 20.00-ге дейін.

Кіру: 3000 теңгеден басталады.

19 қазанда Almaty Open аясында арбадағы теннистен көрме матчы өтеді. Турнирде қазақстандық спортшылардан Дінмұхамед Әлиакпаров, Айжан Бүтінбаева, Айшуақ Жетпісова мен Дастан Ниязов өнер көрсетеді.

Өтетін орны: ADK теннис орталығы.

Уақыты: 11.00-ден 13.00-ге дейін.

Кіру: тегін.

• ФУТБОЛ

U21 құрамалары арасында Еуропа чемпионатына іріктеу кезеңі.

В тобында сынға түсіп жатқан Қазақстан жастар құрамасы Шотландиямен кездеседі.

Өтетін орны: Орталық стадион, Абай даңғылы, 48.

Күні мен уақыты: 15 қазан, сағат 21.00.

Қосымша: 5 жасқа дейінгі балаларға кіру тегін.

Қазақстан Премьер-лигасының 23-туры аясында Алматыдағы Орталық стадионда «Қайрат» пен «Тұран» командалары кездеседі.

Өтетін орны: Орталық стадион.

Күні мен уақыты: 19 қазан, сағат 17.00.

Кіру: 700 теңгеден бастап.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Алматы тұлғалары» жобасы:

ӘРКІМ ӨЗ БОЛАШАҒЫН
ӨЗІ ҚАЛАЙДЫ

Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығының бастамасымен «Алматы тұлғалары» жобасы аясында SmArt.Point коворкинг-орталығында Алматы қаласы мәслихатының депутаты, белгілі спортшы және паралимпиадашы Серік Есмамовтың жастармен кездесуі өтті.

Серік Есмамов – Қазақ туризм және спорт академиясының түлегі, 2013 жылы Малайзияда өткен ірі халықаралық жарыстардың жеңімпазы, волейболдан Қазақстан жастар құрамасының экс-капитаны, Қазақстан спортшылары арасында волейболдан бірінші паралимпиадалық турнирдің қола медалінің иегері, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, Алматы қаласы мәслихатының депутаты.

Іс-шараның мақсаты – өз саласында жетістікке жеткен тұлғалардың үлгісімен жастарды ынталандыру, қандай жағдай болмасын өз саласының маманы болуға ұмтылу, патриотизм мен азаматтық белсенділік сезімін тәрбиелеу, ешқашан берілмеуді үйрену.

«Мен өзімнің 26 жасыма дейін көптеген өмір белестерінен өттім. Алматыда туып-өстім. Бірқатар үйірмелерге қатыстым. Математикаға жақын болдым. Сонымен бірге, бокс, суға жүзу, волейбол сияқты түрлі спортқа қатыстым. Мектепте белсенді болдым. Жас күнімнен еңбекке араластым. Қоғамның белсенді істеріне қатынастым. Өмірде биік белестерге ұмтылғандар әрдайым жетістікке жетеді, – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Серік Есмамов.

Кездесуге әр саланың өкілдері, әр санаттағы жастар қатысты. Орайлы сәтті пайдаланып, ой-пікір білді.

«Бұл кездесудің мәні зор. Жастарға мотивация береді. Сондай-ақ, кездесу қонағы Серік Есмамовтың өмір жолы, жетістіктері көп үлгі-өнеге. Бұл жасынға келген студенттер, әр саладағы жас өрендер өздерінің

алдында мықты, қайсар, алға ұмтылған талапты, талантты адам бар екенін білгені дұрыс. Өйткені, адамның істегенін адам істей алады деп тұжырымдаймыз. Бұл жолығудың маңынасы зор. Мұндай кездесулерден әрбір жас өзіне қажетті дүниені алады деп ойламыз», – деді кездесуге қатысушы Әсел Боранбаева.

Жақсылық
жаршыларына
құрмет

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қоғамдық даму орталығының бастамасымен «Алматы тұлғалары» жобасы аяқталып, марапаттау рәсімі өткізілді. Жобаның мақсаты – өз саласында жетістікке жеткен тұлғалардың үлгісімен табыстылық идеяларын насихаттау және ілгерілету болып табылады.

– «Алматы тұлғалары» жобасының басты мақсаты – мақсаты айқын азаматтарды анықтау және қолдау. Біз осындай талантты әрі үлгілі адамдарымыз бар екеніне мақтанамыз. Олардың

қала дамуына қосқан үлесін ынталандыру өте маңызды деп санаймын. Әрқайсымыз Алматыны жақсарту аламыз және бұл байқау – тұрғындарға өз жетістіктері мен бастамаларын үлгі ретінде көрсетуге тамаша мүмкіндік. Байқау алғаш рет 2022 жылы өткізіліп, қала тұрғындарының үлкен қызығушылығын тудырды. Бізге көптеген өтініш келіп түсті, бұл бастаманың сұранысқа ие екенінің көрінісі. Биыл жобаны қайта өткізуге шешім қабылдадық, өйткені біз табысқа жетуге ұмтылатын және өз тажирібесімен бөліскісі келетін адамдарды қолдауды жалғастырамыз, – деді Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасының қоғамдық даму орталығының арнайы жобаларды іске асыру бөлімінің жетекшісі Әсел Ерболатова.

«Алматы тұлғалары» жобасы аясында жетістік пен табыс идеяларын насихаттап, сүйікті қаламыздың дамуы мен гүлденуіне үлес қосқан қала тұрғындарынан 100-ден аса өтінім түсті. Мұқтаж жандарға қолұшын созып, туған қаласына игілігі үшін ынта-

ықыласын біріктірген, ортақ адамгершілік құндылықтарды насихаттаған жобада конкурстық комиссиядан іріктеліп, үздік деп танылған «5 тұлғаны» – «Ұрпақ тәлімгері», «Ұлағатты ұстаз – үздік шәкірт», «Қайырымды кәсіпкер», «Үздік бағбан – үлгілі азамат», «Үздік волонтер» – мейірімді жан» номинациялары бойынша марапаттау рәсімі болды, сонымен қатар, байқау жеңімпаздарына дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Жеңімпаздар қатарындағы ҚР мәдениет қайраткері Гүлшара Есетқызы жобаның маңыздылығы туралы айтып өтті.

– Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығы ерекше жобалар жасап жатыр. Бұл дамушы қоғам үшін өте маңызды. Жоба – еңбегі еленбей жүрген қаламыздың түрлі сала қызметкерлеріне назар аудартады. Алдағы уақытта да көптеген жоба болады деген үміттемін, – деді ол.

Әзірлегендер
Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Ернұр РЫСБАЙ.

PHYGITAL GAMES OF THE FUTURE

«БОЛАШАҚТЫҢ
ОЙЫНДАРЫ»

2026 жылы Қазақстанда өтеді



2026 жылы «Болашақ ойындарын» ұйымдастырушы елдің жариялануына арналған іс-шарада белгілі болғандай, Қазақстан 2026 жылғы дәстүрлі спорт түрлері мен кибер-спортты біріктіретін бірегей турнир – Phygital Games of the Future өткізу мүмкіндігіне ие болды.

Бұл туралы еліміздің Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Турнирді өткізу құқығына Қазақстаннан бөлек, Перу мен Чили мемлекеттері үміткер болған еді. Қатысушылар жарыста физикалық және цифрлық форматтарды біріктіретін бағдарламаларда сынға түседі.

«Болашақтың ойындарын» Қазақстанда өткізу бастамасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Қазан қаласында өткен алғашқы ойындардың ашылу салтанатында ұсынған еді. Келесі жылғы турнир БАӘ-де, ал 2026 жылы Астанада өтетін болып бекітілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роллан СЕРІКОВ,
ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының міндетін атқарушы:

КИБЕРСПОРТ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Бұған дейін Phygital International өкілдері турнирді Қазақстанда өткізу мүмкіндігін бағалау үшін Астанаға келген еді. Жалпы, Қазақстанда киберспорт қарқынды дамып келеді. 2018 жылдан бері Қазақстан аумағында 140-тан астам киберспорт турнирі ұйымдастырылды. Оған 40 мыңнан аса адам қатысты. Біз «Болашақтың ойындарын» сәтті өткізу үшін барлық күшімізді саламыз. Қазақстан киберспорт федерациясы 2026 жылы Астанада өтетін «Болашақтың ойындарына» дайындықты бастап кетті.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЕЛ ӨҢІРЛЕРІНЕН



ЕҢ ҰЗЫН КӨПІР сынақтан өтті

ҚР Көлік министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, еліміздің Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін ұзындығы 1316 метрді құрайтын екі жолақты көпір арнайы сынақтан өтті.

Бұл – Қазақстандағы ең ұзын көпір. Көпір құрылысын тексеру үшін жалпы жүктемесі 450 тоннаны құрайтын 15 жүк көлігі тартылған екен. Арнайы құрылғылар көпірдегі деформация, діріл (вибрация) және жүктемені бөлу көрсеткіштерін тіркеді. Сынақ нәтижелері Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін жаңа көпірдің барлық нормативтік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін және үлкен жүктемелерге төтеп бере алатынын растады.

Екі жолақты көпір Шығыс Қазақстан облысының Жарма, Катонқарағай, Күршім, Көкпекті, Зайсан және Алтай аудандары арасында көліктердің жыл бойы үздіксіз жүруі үшін қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДЕМАЛЫС

КУЗГІ КАНИКУЛДА ОҚУШЫЛАР НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Мектеп оқушыларының бір тоқсандағы оқу уақыты – 8 апта. Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында күзгі каникул 28 қазаннан бастап, 3 қарашаны қоса есептегенде 7 күнге созылатынын мәлім еткен еді.

Дегенмен, 25 қазан Республика күні жұмаға сәйкес келгендіктен, 26-27 қазан сенбі-жексенбіге тура келіп, барлығын қоса есептегенде оқушылар 10 күн демалатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛТТЫҚ ИГІЛІК

ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз және баға жетпес құндылығымыз. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді.

Еліміз тәуелсіздік алғанына биыл 33 жыл толады. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке-дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Бүгінде біз қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Еліміз Тәуелсіздік жылдарында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Ата Заңымыз қабылданды. Мемлекет өз рәміздерін бекітті.

Қазақстан – өз Әнұраны, Елтаңбасы, Көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекетке айналды. Ұлттық валютамыз қолданысқа енгізілді. Қарулы Күштеріміз, Ұлттық қорымыз құрылды. Сонымен қатар, еліміз халықаралық ұйымдарға мүше болды. Тәуелсіздіктің арқасында қазақ елінің тарихы түгенделіп, тілі, діні қайта жаңғырды.

Тіліміз өз мәртебесін алды. Осы күнге дейінгі жеткен жетістіктеріміздің барлығы тәуелсіздігіміздің арқасында іске асты. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – еліміздің ең

басты мерекесі. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мереке болғандықтан күнтізбеде демалыс күн болып белгіленген. Осы күні Қазақстанның барлық жерлерінде мерекелік мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Мемлекеттік Әнұран орындалып, патриоттық әндер орындалады. Ерекше қызметімен көзге түскен мамандар елеулі еңбектері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады.

Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы болып, егемен елдің ұрпағының еңсесі биік, көкірегі ояу, керегесі кең, терезесі тең ел бола берсін! Қазақстанға оңайлықпен келмеген Тәуелсіздікті қастерлейік. Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан.

Р.К.НУГУМАНОВА,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық
департаментінің
бас маман-бас қазынашысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 2 желтоқсан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 521 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 7 қараша, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 2 желтоқсан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 841 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 7 қараша, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

РУХАНИЯТ

АБАЙДЫҢ ДОМБЫРАСЫН АПАРДЫҚ

Алматы музейі Мажарстан төрінен көрме ашты

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мажарстан тұрғындары мен туристері «Қазақстан көшпенділері: өткені мен бүгіні» атты көрмеге ерекше ықыласпен баруда. Көрмені Алматы қаласы музейлер бірлестігі мажар қыпшақтарының астанасы – Карцаг қаласында ұйымдастырды.

Еуропалықтар назарына 200-ден астам экспонат ұсынылды. Олардың арасында ұлы Абай Құнанбайұлына тиесілі домбыра, XIII ғасырда Алматы аумағында соғылған күміс тиындар (дирхемдер), XIII–XX ғасырлардағы шекелік, алқа, білезік, сырға және жүзіктер сынды дизайны оюлармен әсемделген әрі күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, жүннен тоқылған кілемдер, ат әбзелдері, музыкалық аспаптар және қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлері жайында сыр шертетін тұрмыстық заттар бар.

Айта кетерлігі, қазіргі уақытта Мажарстан аумағында Торғай даласынан Еуропаға қоныс аударған қыпшақ тайпаларының ұрпақтары тұрады. Сондықтан бұл мәдени іс-шара



жергілікті халық арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Көрме 20 қарашаға дейін жалғасады. Ол екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлігінде қазақ халқының дәстүрі, салты, әдет-ғұрыптары, сәндік-қолданбалы өнері мен ұлттық музыкалық аспаптары көрсетілген экспонаттар ұсынылса, екінші бөлімде Алматы қаласының сұлу табиғаты мен заманауи келбетін бейнелейтін фотосуреттер қойылған. Көрмені жергілікті халықпен қоса Қазақстанның Мажарстандағы елшісі Абзал Сапарбекұлы, Карцаг қаласының мэрі Тибор Сепеши және елге ресми сапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов тамашалады.

Айта кетсек, бұған дейін Алматы қаласы музейлер бірлестігі халықаралық мәдени ынтымақтастықты дамыту аясында Алматы әкімдігінің қолдауымен Австрияда, Италияда, Түркияда, Оңтүстік Кореяда көрме өткізіп, Франциядағы Луврда кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында оқу оқыған болатын.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шандор БЕНЕ, көрме қонағы, Карцаг қаласының тұрғыны:

БІЗ – БАУЫРЛАСПЫЗ

Бүгін біз көптеген экспонатты көрдік, олар екі ел арасындағы терең байланысты айқындайды. Бұл көрмені әкелгендеріңізге өте қуаныштымын, өйткені ол ортақ дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды және мәдениетімізді көрсетеді. Әсіресе, жастар қазақтар мен мажарлардың бауырлас халықтар екенін білетін болады. Бізде Карцаг қаласында ат спорты үйірмелері бар. Оған балаларды арнайы сол дәстүрлерді қайта жаңғырту үшін апарамыз. Енді осы көрменің арқасында біз жастарға тарихымызды айтып қана қоймай, ата-бабаларымызды байланыстырған өмір салтын көрсете аламыз.

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ» ОРТАЛЫҒЫ

«АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»

Алматыда Қарттар айлығы аясында фестиваль өтті

Шаһарда «Халықаралық қарттар күніне» орай іс-шаралар жалғасуда. Солардың бірі – Қазақконцертте өткен «Асыл қазынам» фестивалінде «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының зейнеткерлері өнер көрсетіп, шығармашылық жұмыстарын көрмеге ұсынды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

өнер, агрокраудсорсинг, психолог пен заңгердің жеке консультациялары, есте сақтау қабілетін нығайту және т.б. тегін сабақтар ала алады. Нәтижесінде қарттар қоғамға белсенді түрде араласуда. Мұндай орталықтар бірнеше қалада жұмыс істейді. Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір» орталығы іске қосылған Қазақстандағы алғашқы өңір болды. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша орталықта және оның бөлімшелерінде 5223 зейнеткер тіркелген. Орталыққа күніне орта есеппен 539 қызмет алушы келеді.

«Биыл зейнетке шыққаным 10 жыл болады. Жасым – 68-де. Қазір бос уақытымда осы орталыққа келіп, өзімді дамытып жүрмін. Әртүрлі үйірмелерге қатысып, қабілеттерімді шыңдаймын. Уақытты бос өткізбеу керек. Осы жерден өзімнің ортамызды таптым, «Таңсұлу» деген би ансамблі құрдық. Репертуарымызда әзірге 3 би бар. Бос уақытта табиғат аясына демалысқа шығамыз. Барлығы тегін», – дейді зейнеткер Райля Шахабайқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле БЕКЕТАЕВА,

Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы:

– Біздің ұйымымыздағы басты міндеттердің бірі – аға буынның салауатты өмір салтын қолдау. «Белсенді өмір сүру» орталығы елімізде алғаш рет Алматыда 2018 жылы ашылды. Орталығымызда 40 үйірме бар. Қазір республика бойынша 90-нан астам орталық жұмыс істейді.

«Асыл қазынам» фестивалі осымен екінші жыл қатарынан ұйымдастырылуда. Қарттар айлығы аясында өткізілген іс-шара республикалық, халықаралық деңгейге көтерілмек. Орталықтың қызмет алушыларының арасында би ансамблі құрылып, сән көрсетілімі бойынша Италия, Түркия, Қырғызстан және т.б. халықаралық байқаулардан бірнеше дүркін жүлде иеленді. Қала зейнеткерлерінен құралған «Айналайын асыл әже» ансамблі Ташкенттегі халықаралық өнер фестивалінде Бас жүлдеге ие болды. Биылғы фестивальге мекемеде тіркелген зейнеткерлерден бөлек, басқа орталықтардан қатысушыларды шақырдық. Зейнетке шықса да, сахнада, өнерде жүрген қарттарымызды насихаттауымыз керек.

Айта кеткен жөн, Алматы тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы биыл 74 жасан 78 жасқа жетті.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.